# PP-100N

# Әкімші нұсқаулығы

M00113600KK



Барлық құқықтары қорғалған. Seiko Epson Corporation жазбаша рұқсатынсыз, бұл жарияланымның ешқандай бөлігін қайта шығаруға, іздеу жүйесінде сақтауға немесе қандай да бір түрде немесе қандай да жолмен: электрондық, механикалық, фотокөшіру немесе басқа жолмен жіберуге болмайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты пайдалануға қатысты ешқандай патентті міндеттеме қарастырылмаған. Осы нұсқаулықты дайындауда барлық сақтық шаралары қабылданғанымен, Seiko Epson Corporation компаниясы жіберілген қателер үшін жауапкершілік артпайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты қолданудан орын алған зақымдар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған.

Seiko Epson Corporation компаниясы да, оның бөлімшелері де жазатайым оқиға, дұрыс емес пайдалану, осы өнімді басқа мақсатта қолдану немесе тыйым салынған өзгерістерді енгізу, жөндеу жұмыстарын жасау, қайта құру немесе (АҚШ-ты қоспағанда) Seiko Epson Corporation компаниясының пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын қатаң қадағаламаған жағдайлардың нәтижесінде сатып алушылар не үшінші тараптан орын алған зақымдар, жоғалтулар, шығындар немесе шығыстар үшін осы өнімнің сатып алушысы немесе үшінші тараптар алдында жауапты болмайды.

Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалы Epson өнімдерін немесе Seiko Epson Corporation арқылы Epson мақұлдаған өнімдерден басқа кез келген опцияларды немесе қандай да бір тұтынылатын өнімдерді пайдаланудан орын алатын кез келген зақымдар немесе ақаулықтар үшін жауап бермейді.

**ХАБАРЛАНДЫРУ:** Осы нұсқаулықтың мазмұнын алдын-ала ескертусіз өзгертуге болады.

©Seiko Epson Corporation 2019. Барлық құқықтар сақталған.

## *Сауда белгілері*

- Microsoft, Windows, Windows Server және Internet Explorer - АҚШ және/немесе басқа мемлекеттерде Microsoft Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.
- EPSON — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі.
- Exceed Your Vision — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады және тек айқындау мақсатында пайдаланылады.

## *Бұл нұсқаулықта пайдаланылған белгілер*

Бұл нұсқаулықта маңызды ақпаратты көрсету үшін келесі белгілер пайдаланылған.

| | |
|---|---|
| ! | Осы өнімді пайдаланғанда орындалуы керек ақпаратты көрсетеді. Бұл ақпаратты елемеу және өнімді қате қолдану оның ақаулығына не бүлінуіне апарып соғуы мүмкін. |

| | |
|---|---|
| *Ескертпелер* | Білуіңіз керек қосымша түсініктемелер не ақпаратты көрсетеді. |

## *Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар*

Ортаңызға байланысты осы нұсқаулықта берілген экран суреттері нақты экрандардан өзгешеленуі мүмкін. Дегенмен, осы нұсқаулықта сипатталған процедураларды пайдалана аласыз.

## Осы нұсқаулықтың ұйымдастырылуы

Осы өнім ішінде келесі нұсқаулықтар қамтылған.

| | |
|---|---|
| PP-100N орнату нұсқаулығы | Осы өнімді орнату әдісін суреттермен бірге қысқаша түсіндіреді. Толық ақпаратты **PP-100N әкімші нұсқаулығынан** қараңыз. |
| PP-100N пайдаланушы нұсқаулығы (PDF) | Пайдаланушылардың білуі қажет бағдарламалық жасақтаманы, өнім функцияларын және операцияларын орнату жолы сияқты толық ақпарат, сонымен қатар техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат берілген. Ол Discproducer Utility & Documents Disc дискісінде қамтылған. |
| PP-100N әкімші нұсқаулығы (PDF) | Осы өнімді орнату, қолдану және басқару үшін қажетті ақпаратты көрсетеді. Сонымен қатар, ол түрлі ақаулықтарды жою әдістерін сипаттайды. |

# Мазмұны


Сауда белгілері .................................................. 2
Бұл нұсқаулықта пайдаланылған белгілер .......... 2
Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар .................................................................. 2
Осы нұсқаулықтың ұйымдастырылуы .................. 3

## Бұл өнімді пайдаланбас бұрын .................................. 6

- Қауіпсіз қолдану үшін ................................ 6
  - Қуат көзіне қатысты сақтық шаралары ................ 8
  - Пайдалануға арналған сақтық шаралары ............ 9
- CD/DVD дискілері үшін сақтық ескертулер ... 11
- Бұл өнімді қолдану мақсаты ...................... 11
- Осы өнімді пайдалану себебінен туындайтын кездейсоқ жоғалту ................................... 11
- Пайдалану шектеулері .............................. 11
- Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясы .............................................. 11

## Дайындау ............................ 12

- Орнату .................................................... 12
  - Орнатылатын орынның талаптары .................... 13
  - Орнату кеңістігі ........................................... 13
- Орнату процедурасы ................................ 14
- Ethernet кабелін жалғау ............................ 16
- Қуат сымын жалғау .................................. 16
- Сия картридждерін орнату ........................ 17
- Қауіпсіздік құлпының қосқышын орнату ..... 20
- Жариялау режимін орнату ........................ 21
  - Жариялау режимдерінің түрлері ........................ 21
  - Қабылдағыштарды орнату ................................ 24
  - Орнату процедурасы ....................................... 26
- Желілік параметрлер ................................ 27
- Әкімшіні тіркеу ........................................ 32
- Жүйе параметрлері .................................. 34
  - Шығару құрылғысының параметрлері ................ 34
  - Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері .................................................... 38
  - Күн мен уақытты орнату .................................. 42
- Тілді орнату ............................................ 44

## Әкімшілік және басқару ..... 45

- Тапсырмаларды басқару .......................... 45
  - Тапсырма ақпаратын тексеру ........................... 45
  - Тапсырманы өңдеу күйін тексеру ...................... 46
  - Кідіртілген тапсырмалар .................................. 47
  - Тапсырмаларды жалғастыру ............................. 48
  - Тапсырмаларды болдырмау ............................. 49
  - Басымдық бойынша жариялау .......................... 50
  - Тапсырмаларды жою ........................................ 51
- Пайдаланушыларды басқару .................... 53
  - Пайдаланушы ақпаратын тексеру ..................... 53
  - Пайдаланушыларды тіркеу ............................... 54
  - Пайдаланушы ақпаратын өзгерту ...................... 57
  - Пайдаланушы ақпаратын жою .......................... 59
  - Құпия сөзді өзгерту .......................................... 60
- Жариялау режимін өзгерту ....................... 62

## Өніміңізге техникалық қызмет көрсету .................. 64

- Деректің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру ....................................... 64
  - Деректің резервтік көшірмесін жасау ................ 64
  - Деректі қалпына келтіру .................................. 66
- Басқапқы күйге келтіру ............................ 67
- Техникалық қызмет көрсету ақпаратын тексеру .................................................... 70
  - Құрылғы ақпаратын тексеру ............................ 70
  - Операциялар журналын жүктеп алу ................. 71

## Ақаулықтарды жою ........... 72

- Қате туралы хабарлар және түзету жұмыстары .............................................. 72
- Ақаулықтар мен оларды түзету жолдары .. 79
  - Қуат/Басқару панелінің ақаулықтары ................ 79
  - Дискінің жазу ақаулықтары .............................. 81
  - Жапсырманы басып шығару ақалықтары .......... 82
  - Құпия сөз ақаулықтары .................................... 84
  - Басқа ақаулықтар ............................................ 84
- EPSON Total Disc Monitor көмегімен тексеру ................................................................ 86
- Дискілерді жариялау мүмкін емес кезде .... 88

■ Диск шықпайды........................................ 90

Жетек науасы шықпайды.................................. 90
Принтер науасы шықпайды .............................. 91

■ Дискінің жазу бетіне сия төгілген ............. 94

## *Қосымша .............................. 97*

■ Анықтамалық ақпарат .............................. 97

Epson орталығына хабарласпас бұрын............... 97
ТМД елдеріндегі ресми өкіл .............................. 97

■ Өнім сипаттамалары ................................. 98

Негізгі сипаттамалар......................................... 98

■ Сия және диск ....................................... 102

Сия картриджері ........................................... 102
Дискілер ......................................................... 102

# Бұл өнімді пайдаланбас бұрын

## Қауіпсіз қолдану үшін

- Бұл өнімді қауіпсіз түрде пайдалану үшін, өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты, сонымен қатар, бұл өніммен бірге берілетін басқа да нұсқаулықтарды оқып шығыңыз.
- Бұл өнімге қатысты кез келген сұрақтың жауабын табу үшін нұсқаулықты қолжетімді жерде ұстаңыз.

Тұтынушылардың немесе басқа адамдардың жарқаттанбауы үшін немесе мүлікті зақмдамау үшін қауіпті операциялар мен қолданысқа арналған таңбалар мен ескерту дисплейлері осы нұсқаулықта көрсетілген. Осы ақпаратпен мұқият танысқаннан кейін, нұсқаулықты оқыңыз.

| | |
|---|---|
| **ЕСКЕРТУ** | Егер бұл дисплей елеусіз қалып, өнім дұрыс қолданылмаса, адам өліміне немесе ауыр жарақатға себеп болуы мүмкін. |
| **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** | Егер бұл дисплей елеусіз қалып, өнім дұрыс қолданылмаса, дене жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болуы мүмкін. |

| | | | |
|---|---|---|---|
|  | **Орындамау қажет (тыйым салынған) әрекетті білдіреді.** |  | **Орындау керек элементтерді (нұсқауды, әрекетті) білдіреді.** |
|  | **Бөлшектеуге тыйым салынғанын білдіреді.** |  | **Ашаны ұяшықтан ажырату қажеттілігін білдіреді.** |
|  | **Өнімді ылғал қолмен ұстауға тыйым салынғанын білдіреді.** |  | **Өнімді жерге тұйықталған қуат сымымен пайдалану керектігін білдіреді.** |
|  | **Өнімді суға тигізбеу керектігін білдіреді.** | | |

Өнімді төмендегідей орындарға орнатыңыз.

| Тегіс және тұрақты жер | Температурасы мен ылғалдығы төменде көрсетілгендей жер |
|---|---|
|   |   |

- **Бұл өнімді статикалық электр тогы оңай пайда болатын жерде, статикалық электр тогының алдын алу үшін антистатикалық төсем немесе басқа да өнімді пайдаланыңыз.**
- **Өнімнің негізгі бөлігінен тар жерге орнатпаңыз.**
  Өнімнің түбіндегі резина негіздері өнім тұрған беттен ұзын болса, ол өнімнің ішкі механизмдеріне күш түсіріп, диск жазуға, басып шығаруға немесе тасымалдауға кері әсерін тигізуі мүмкін. Өнімнің негізгі бөлігіндегі аяқтар нық тұратындай, өнімнің енінен кең, тегіс бетте орнатыңыз.

| | |
|---|---|
| **ЕСКЕРТУ** | **Өнімнің ауа желдеткіштерін бұғаттамаңыз.**<br>Ауа желдеткіштерін бұғаттау жылудың жиналып, өрттің шығуына себеп болады.<br>Төменде көрсетілген орындарға орнатпаңыз.<br>• Шкаф немесе кітап сөресі сияқты ауа айнылымы нашар кеңістіктер<br>• Кілем немесе төмектің үсті<br>Өнімді қабырғаның жанына қойсаңыз, өнімнің арты мен қабырғаның арасында 10 см-ден асатын орын қалуы қажет. Диск қақпағын ашып, жабу үшін өнімнің алдында жеткілікті орын қалдырыңыз. |
| | **Алкоголь немесе бояу еріткіші сияқты ұшатын заттар тұрған жерге немесе оттың жанына орнатпаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. |
| **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** | **Тұрақсыз (шайқалатын немесе еңіс беткей), балалардың қолы жететін немесе басқа машиналардың ықпалынан дірілдейтін жерге орнатпаңыз немесе сақтамаңыз.**<br>Жарақаттануға себеп болатын түсіп кету немесе құлау қаупі бар. |
| | **Ылғалдығы немесе шаң деңгейі шамадан тыс жерлерге, су боп қалу қаупі бар, тікелей күн сәулесі түсетін, температура мен ылғалдық күрт өзгеретін жерге немесе жабық жылыту немесе суыту құрылғыларының ішіне орнатпаңыз.**<br>Электр тогының соғу, өрт шығу өнімнің дұрыс істемеу және ақаулық пайда болу қаупі бар. |

## *Қуат көзіне қатысты сақтық шаралары*

| | |
|---|---|
| **ЕСКЕРТУ** | **Қуат ашасын су қолыңызбен ажыратпаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына себеп болады. |
| | **Өнімнің затбелгісінде көрсетілген қуат көзі түрін ғана пайдаланыңыз.**<br>Сәйкес келмейтін қуат көзін пайдалану электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. |
| | **Көптеген қуат сымдары жалғанған розеткаға өнімнің қуат сымын жалғамаңыз.**<br>Ол қызудың жиналуына немесе өрттің шығуына себеп болады. |
| | **Зақымдалған қуат сымдарын пайдаланбаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады.<br>Қуат сымы зақымдалған болса, жөндеу жұмыстарына қатысты дилерге хабарласыңыз.<br>Қуат сымын пайдалану кезінде төменде көрсетілгендерді қарап шығыңыз.<br>• Қуат сымын өзгертпеңіз<br>• Қуат сымының үстіне ауыр заттарды коймаңыз<br>• Қуат сымын бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе күшпен тартпаңыз<br>• Жылытқыш құрылғыларды жанына қоспаңыз |
| | **Қуат сымын пайдаланғанда абай болыңыз.**<br>Дұрыс пайдаланбау өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.<br>Шаң басқан немесе басқа да заттары бар қуат көзіне қосылған күйде қалдырмаңыз<br>Қуат тығынының ашасын толығымен нық енгізіңіз. |
| | **Қуат тығынын розеткадан ажыратқан кезде, қуатты өшіріңіз және тартқан кезде, тығынды ұстап тартыңыз.**<br>Қуат сымын созатын болсаңыз, ол зақымдалып, электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. |
| | **АТ қуат сымы қатысты жергілікті қауіпсіздік стандартына сай екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, осы өніммен бірге берілген қуат сымын басқа құрылғылармен пайдаланбаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. |
| | **Қауіпсіздік мақсатында, қуат сымының жерге тұйықтаңыз.**<br>Өніммен бірге берілген қуат сымы - жерге тұйықталған қуат жүйесі бар 3 контактілі кабель, жерге тұйықтағышпен розеткаға қосып, жерге тұйықтаңыз. |
| | **Қуат тығынын розеткадан жүйелі түрде шығарып тұрыңыз және ашаның негізгі бөлігін және екі аралықты тазалаңыз.**<br>Қуат тығынын розеткаға қосулы күйінде ұзақ уақыт бойы қалдырсаңыз, қуат тығыны ашаларының негізгі бөлігін шаң басып, қысқа тұйықталуға немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. |

| | |
|---|---|
| **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** | **Қауіпсіздік мақсатында, өнімді ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат тығынын розеткадан ажыратып қойыңыз.** |

## *Пайдалануға арналған сақтық шаралары*

| | |
|---|---|
| **ЕСКЕРТУ** | **Түтін, бөтен иіс немесе дыбыс сияқты қалыпсыз жағдайларда пайдалануды доғарыңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. Дереу қуатты өшіріп, қуат тығынын розеткадан шығарыңыз және жөндеу мәселесі бойынша дилеріңізге немесе Epson жөндеу орталығына хабарласыңыз. Өнімді өз бетіңізше жөндеу өте қауіпті, сондықтан жөндеуге әрекеттенбеңіз. |
| | **Өнімге, сырттан су немесе басқа да сұйықтықтар кіріп кетсе, ары қара өнімді пайдаланбаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. Дереу қуатты өшіріп, қуат тығынын розеткадан шығарыңыз және жөндеу мәселесі бойынша дилеріңізге немесе Epson жөндеу орталығына хабарласыңыз. |
| | **Өнімге өзіңіз қызмет көрсетуге талпынбаңыз.**<br>Ол жарақат алуға, электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін. |
| | **Өнімнің ішінде немесе айналасында жанғыш газ бүріккіштерін пайдаланбаңыз.**<br>Газ жиналып, ұшқыннан өрттің пайда болу қаупі бар. |
| | **Өнімге кабельдерді (сымдарды) нұсқаулықта көрсетілгеннен басқаша қосуға әрекеттенбеңіз.**<br>Бұл өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, жалғанған құрылғылар зақымдануы мүмкін. |
| | **Ауа желдеткіштеріне немесе басқа да ашық саңылауларға металл немесе жанғыш заттарды салмаңыз.**<br>Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. |
| **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** | **Өнімнің үстіне шықпаңыз немесе ауыр заттар қоймаңыз.**<br>Тұрмыстық жағдайларда, әсіресе, кішкентай балаларға абай болыңыз. Құлап, шағылуына байланысты жарақаттауы мүмкін. |
| | **Кабельдің көмегімен өнімді компьютерге (немесе басқа құрылғыларға) жалғау кезінде, коннекторды дұрыс бағыттаңыз.**<br>Кабельдердің бұр коннекторлары ерекше бағдарға ие. Бағдарланған коннекторларды өнім мен компьютердің (немесе басқа құрылғылардың) екеуіне де қате жалғасаңыз, ол жалғанған екі құрылғының да дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болады. |

| | |
|---|---|
| | **Ethernet интерфейсінің коннекторына телефон желісін жалғамаңыз.**<br>Ол телефон желісінің немесе осы өнімнің зақымдалуына себеп болуы мүмкін. |
| | **Бұл өнімді сақтау немесе тасымалдау кезінде, оны еңкейтпеңіз, тік күйде немесе төңкерілген күйде қоймаңыз.**<br>Өнімді тасымалдау кезінде, сыртқы әсерді болдырмау үшін, өнімді өзінің түпнұсқа қаптамасына салыңыз. |
| | **Қауіпсіздік мақсатында, бұл өнімді жылжытатын болсаңыз, алдымен, қуаттың өшіп тұрғанына, қуат тығынының розеткадан ажыратылғанына және басқа да сымдардың ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.** |
| | **Сия картридждерін ауыстыру кезінде, сия көзіңізге немесе теріңізге тиіп кетпеуін қадағалаңыз.**<br>Көзіңізге тамып кетсе, дереу таза сумен шайыңыз, ал теріңізге тисе, сия тиген дергі сабындап жуыңыз. Әйтпесе, сіз қанның қан тамырына немесе жұмсақ қабынуға ұшырауы мүмкін. Мәселе туындаған жағдайда, бірден дәрігерге көрініңіз. |
| | **Сия толтыру үшін сия картриджерін бөлшектемеңіз.** |
| | **Қатты шайқаған жағдайда, сия картриджерінен сия ағуы мүмкін.**<br>Қатты шайқаған жағдайда, сия картриджінен ағуы мүмкін. |
| | **Сия картриджерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сондай-ақ, сиды жұтуға болмайды.** |

# CD/DVD дискілері үшін сақтық ескертулер

Бұл өнімді пайдаланбас бұрын, оның дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін, операциялық тексеріс орындаңыз. Сонымен қатар, басқа дерек тасығышқа CD/DVD дискілеріндегі деректің резервтік көшірмесін жасаңыз. Дерек келесідей жағдайларда зақымдалып, жоғалуы мүмкін:

- Статикалық электр тогы немесе электрлік шуыл болғанда
- Дұрыс емес пайдаланған кезде
- Дұрыс жұмыс істемей тұрғанда немесе жөндеу кезінде
- Табиғи апаттарға байланысты зақымдалғанда

Кепілдік мерзімі әлі өтпегенмен, жоғарыда айтылғандардан басқа да себептерге байланысты жоғалған немесе зақымдалған дерек үшін Epson компаиясы жауап бермейді.

# Бұл өнімді қолдану мақсаты

Бұл өнім кәсіби саудалық қолданыс үшін арналған, үй қолданысына арналмаған.

# Осы өнімді пайдалану себебінен туындайтын кездейсоқ жоғалту

Егер осы өнім себебінен жинаққа кіретін бағдарламалық жасақтаманы қосқанда қандай да бір нәрсе жоғалса және оны алу мүмкін болмаса, осы фактіден туатын кездейсоқ шығындарды және осы өнімді пайдалану арқасында жоғалған пайданы өтей алмаймыз.

# Пайдалану шектеулері

Бұл өнім авиация, теміржол, теңіздік, автомобильдік және т.б. апаттан сақтану құрылғылары; әртүрлі қауіпсіздік құрылғыларына қатысты тасымалдау құралдары сияқты жоғары сенімділік / қауіпсіздікті қажет ететін қолданбалар үшін пайдаланған кезде, қауіпсіздікті және жалпы жүйе сенімділігін сақтау үшін, дизайныңызға қатысты сенімділік пен артықтықтың қосылуын ескергеннен кейін ғана өнімді пайдалану қажет. Бұл өнім аэрокосмостық жабдық, басты байланыс жабдығы, атомдық энергияны басқару жабдығы немесе тікелей медициналық күтімге қатысты медициналық жабдық, т.б. секілді аса жоғары сенімділікті/қауіпсіздік қажет ететін қолданбаларда пайдаланылуға арналмағандықтан, ондай жағдайда толық бағалау жүргізіп, өнімнің сәйкестігі бойынша өзіңіздің жеке шешіміңізді жасаңыз.

# Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясы

Бұл өнім Epson компаниясының меншікті бағдарламалық жасақтамасымен қоса, ашық бағдарламалық жасақтама пайдаланады. Бұл өнімде пайдаланылған ашық бағдарламалық жасақтама тізімі, сондай-ақ, сол бағдарламалық жасақтаманың лицензия шарттары туралы, өніммен бірге берілетін Discproducer Utility & Documents Disc дискісіндегі Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясының келісімінен таба аласыз

# Дайындау

## Орнату

Өнімді арнайы кеңістігі бар тиісті орынға орнатыңыз.

**САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ**

- **Өнімді екі адам көтеруі қажет.**



- Бұл өнімнің салмағы шамамен 26 кг. Өнімді көтергенде, сол жақта көрсетілгендей өнімнің бүйіріндегі саңылаудан екі адам ұстап көтеруі қажет. Өнімді көтергенде сол жақта көрсетілгеннен басқа жерден ұстап көтеру өнімнің зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Әсіресе, өнімді диск қақпағы, сия картриджінің қақпағы немесе Stacker 4 ашық кезінде көтеру өнімнің құлап кетуіне, пішімінің өзгеруіне немесе зақымдалуына себеп болады. Оған қоса, өнімді жерге қоятын кезде, қолыңыздың өнім мен орнатылатын жердің арасыннда қысылып қалмауын қадағалаңыз.
- **Өнімді көтерген кезде, денеңізге шамадан тыс күш түспеу үшін тізеңіздің жеткілікті түрде бүгілгеніне және арқаңыздың дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз.**
  Арқаңыз дұрыс тұрмаса, өнімді көтергенде жарақаттануыңыз мүмкін немесе өнімнің зақымдалуы ммүкін.
- **Өнімді жылжыту кезінде, 10 градустан артық еңкейтіп, шалқайтпаңыз немесе бір жағына қарай қисайтпаңыз.**
  Өнімді құлатып алсаңыз немесе басқа да дұрыс әрекеттер істемесеңіз, оқыс оқиғаға тап болуыңыз мүмкін.
- **Өнімнің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.**
  Өнімге шамадан тыс күш салу, оның дұрыс жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін.
  Алайда, бұл өнімнің бір құрылғысын екінші құрылғының үстіне қоюға болады. Бұндай жағдайларда, жоғарғы жағы мен төменгі жағы бірдей бағдарланғанына көз жеткізіңіз және сыртқы құрылғылардың туралағанына көз жеткізіңіз.
  **Құрылғылардың түсіп қалмауын немесе құлап қалмауын мұқият қадағалаңыз. Бір құрылғының үстіне бірнеше құрылғы қоймаңыз.**

---

- Статикалық электр тогы оңай жасалатын жерде, статикалық электр тогының алдын алу үшін антистатикалық төсем және басқа да өнімді пайдаланыңыз.
- Өнімді шаң басқан, кір немесе темекі түтіні бар жерге орнатпаңыз.
- Жоғары температуралы, ылғал деңгей жоғары жерде пайдаланып, сақтамаңыз. Ол жапсырма бетіндегі жазулардың айғызданауына және бір-біріне жабысып қалуына себеп болады.

## Орнатылатын орынның талаптары

Өнімді төмендегідей орындарға орнатыңыз.

- Өнімнің салмағын (шамамен 26 кг) толықтай көтере алатын жазық және тұрақты орын
- Өнімнің негізгі бөлімі толық сияқтындай кең орын
- Өнімге ауа келетіндай ашық орын
- Өнім діріл немесе сілкінудің әсеріне ұшырамайтын орын
- Өнім өзіне арналған қуат розеткасына жететіндей жақын орын
- Дисктің жүктелуіне және жүктемеден шығарылуына мүмкіндік беретін орын
- Аксессуарларды тіркеуге, ауыспалы материалдарды ауыстыруда, қалыпты техникалық қызмет көрсету және күтім жасау кезінде жеткілікті орын болатындай орын
- Төмендегі талаптарға сәйкес келетін орын

| | |
|---|---|
| Температура | Пайдалану: 10 - 35°C, Сақтау: -20 - 40°C (40°C-та болса, бір айдан аз) |
| Ылғалдылық | Пайдалану: 20 - 80% СЫ, Сақтау: 5 - 85% СЫ (конденсациясыз) |

## Орнату кеңістігі

Орнату жұмысын жеңілдету үшін орнатылатын кеңістіктің жеткілікті болғанын қадағалаңыз. Өнімді қабырғаның жанына қойсаңыз, өнімнің арты мен қабырғаның арасында 10 см-ден асатын орын қалуы қажет. Диск қақпағын ашып, жабу үшін өнімнің алдында жеткілікті орын қалдырыңыз.




* Сия картриджінің қақпағын ашу үшін өнімнің сол жағынан кемінде 7 см орын қалдырыңыз.

# Орнату процедурасы

Бұл тарау осы өнімге (PP-100N) арналған орнату процедурасын түсіндіреді.

> Орнатпас бұрын, өнімге жапсырылған барлық қорғаныс таспалары мен қорғаныс материалдарын алып тастаңыз. Қорғаныс материалдарын алып тастауға арналған процедураны *PP-100N орнату нұсқаулығын* қараңыз.

**1. бұл нұсқаулықтың 16-бетіндегі Ethernet кабелін жалғау**

↓

**2. бұл нұсқаулықтың 16-бетіндегі Қуат сымын жалғау**

↓

**3. бұл нұсқаулықтың 17-бетіндегі Сия картридждерін орнату**

↓

**4. бұл нұсқаулықтың 20-бетіндегі Қауіпсіздік құлпының қосқышын орнату**

↓

**5. бұл нұсқаулықтың 21-бетіндегі Жариялау режимін орнату**

↓

**6. бұл нұсқаулықтың 27-бетіндегі Желілік параметрлер**

↓

**7. бұл нұсқаулықтың 32-бетіндегі Әкімшіні тіркеу**

↓

**8. бұл нұсқаулықтың 34-бетіндегі Жүйе параметрлері**

Бұл өнім толық орнатылғаннан кейін, клиент компьютеріне осы өнімді қолдануға қажетті бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз. Орнату процедрасы туралы толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығынан* таба аласыз.

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | Бір ортада өнімнің бірнеше құрылғысын пайдаланатын болсаңыз, бірінші құрылғының сақтық көшірмесін жасаңыз, содан кейін екінші және одан кейінгі құрылғыларда сақтық деректі қалпына келтіріңіз, бірінші құрылғының конфигурация ақпараты сақталады, келесі жұмысты орындаудың қажеті жоқ. Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 64-беттегі "Деректің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру"-бетті қараңыз.<br>• бұл нұсқаулықтың 34-бетіндегі "Шығару құрылғысының параметрлері"<br>• бұл нұсқаулықтың 38-бетіндегі "Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері"<br>• бұл нұсқаулықтың 54-бетіндегі "Пайдаланушыларды тіркеу" |

# Ethernet кабелін жалғау

Ethernet кабелін артқы жақтағы Ethernet интерфейсінің коннекторына жалғаңыз.



# Қуат сымын жалғау

1 Қуат сымының коннекторын өнімнің артқы жағындағы АТ кірісіне жалғаңыз. (Төмендегі суретте (1) қараңыз.)

2 Қуат ашасын розеткаға тығыңыз. (Төмендегі суретте (2) қараңыз.)



# Сия картридждерін орнату

Бұл тарау сия картридждерін алғаш рет орнату процедураларын түсіндіреді.

Күнделікті жұмыста сия картриджін ауыстыру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.

- Epson компаниясының картрджтерін пайдаланған дұрыс. Epson картриджінен басқа картридж пайдалансаңыз, түрлі ақаулықтар пайда болуы мүмкін, оларға кепілдік берілмейді.
- Epson өнімдерінен басқа өнімдердің сапасы мен сенімділігіне Epson компаниясы кепілдік бермейді. Epson өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалануға байланысты зақымды немесе бұзылғанды жөндеу жұмыстары, кепілдік мерзімі әлі жарамды болса да, тегін болмайды.
- Бұл өнім Epson компаниясының сия картридждерін қолдану негізінде түс реттеуін іске асырады. Epson компаниясының сия өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалану басып шығару сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін және өнімнің максималды өнімділігіне кедергі жасайды.
- Сия картридждерін жоғары немесе аязды температура әсер ететін жерде немесе тікелей күн сәулесі түсетін жерде сақтамаңыз.
- Принтер драйверінде Black (Қара) таңдалған болса, басып шығару және басып шығару басының сапасын қолдау үшін жұмыс барысында барлық сия түстері қолданылады.

1 Картридж қақпағын қақпақты төменгі оң жағындағы түймені басу арқылы ашыңыз.



## 2 Сия картриджін қаптамадан шығарыңыз.

- Сия картриджін алғаш орнатқан кезде, өніммен бірге берілген сия картридждерін немесе ішінде жеткілікті сиясы бар сия картридждерін пайдаланыңыз.
- Басып шығару сапасы жақсы болуы үшін, мөлдір пластик қаптаманы орнатардың алдында ғана ашыңыз. Сонымен қатар, қаптаманы ашқаннан кейін, алты ай ішінде пайдалануға тырысыңыз. Ұзақ уақыт бойы ашық қалған сия картриджін пайдалану, басып шығару сапасының нашарлауына себеп болуы мүмкін.
- Пластик қаптаманы ашу кезінде, сия картриджінің түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Ол сияның ағып кетуіне себеп болады.
- Сия картридждерінің сия шығаратын тесіктерін төмен қаратып қолймаңыз. Ол үстелдің үстін немесе басқа да беткейді былғауы мүмкін. Сондай-ақ, шаң және басқа да заттар сия картриджіне кіріп кетіп, дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сия картриджтерін қатты шайқамаңыз. Қатты шайқаған жағдайда, сия картридждерінен сия ағуы мүмкін.
- Сия картриджіне бекітілген жасыл чип бөліміне тиіспеңіз. Сия картриджіне жапсырылған жапсырмалар мен таспаларды сыдырмаңыз. Ол сия картриджді дұрыс орнатуға, дұрыс жұмыс істеуіне немесе басып шығаруға кедергі келтіріп, сияның ағып кетуіне себеп болуы мүмкін.




- Сия картриджін оның сия картриджінде берілген мерзім аяқталмай тұрып пайдаланыңыз.

## 3 Алты түсті сия картридждерін орнына нық орнатылғанша ақырын басып, сия картриджінің орнына орнатыңыз.

Сия картриджінің жапсырма түсін және сия картриджінің жапсырма түсін тексеріңіз, әр сия картриджін өз орнына орнатыңыз.

Сия картриджінің PUSH бөлімін басып, қатты итеріңіз.




Барлық алты сия картриджін енгізіңіз. Кейбір түс картридждері орнатылмай қалса, диск жариялау (жазу/басып шығару) процесі орындалмайды.

## 4 Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.



## 5 Қосу үшін қуат түймесін басыңыз.

Қуаттың жарық диоды жанады және сия толтыру (жүктеу сиясы) процесі басталады.



- Алғаш рет пайдаланғанда, өнім ішкі құрамдастарын (жүктеу сиясы) дайындауға кіріседі.
- Сия жүктеліп жатқанда (шамамен 5 минут), қуатты өшірмеңіз немесе сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Бұл әрекеттер сия жүктеу операциясын қайта орындауға мәжбүр етуі мүмкін, нәтижесінде айтарлықтай сия мөлшері пайдаланылады. Сонымен қатар, басып шығару да дұрыс болмауы мүмкін.
- Дұрыс орнатылмағанына қарамастан, сия картриджері анықталмаса, жасыл чип бетіне шаң немесе басқа да зат тұрып қалуы мүмкін. Оны сүртіп алу үшін жұмсақ шүберек пайдаланыңыз, содан кейін картриджді қайт орнатыңыз.
- Сия картриджерінің орнатылғанына қарамастан, басып шығару жұмысы дұрыс болмаса, бастиекті тазалаңыз. Бастиекті тазалау процедрасы туралы толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Бастиекті тазалау" бөлімінен таба аласыз.
- Қуатты негізгі құрылғыдағы қуат түймесінің көмегімен өшіргенде, сияның кеуіп кетуіне жол бермеу үшін басып шығару бастиегі автоматты түрде жабылады. Сия картриджі орнатылғаннан кейін, өнім қолданылмайтын кезде қуатты өшіру үшіннегізгі құрылғыдағы қуат түймесін пайдаланыңыз. Қуат қосулы болған кезде, қуат тығынын ажыратпаңыз немесе автоматты өшірмеңіз.
- Сия картриджі орнатылғаннан кейін өнім жылжытылса немесе тасымалданса, сия картриджері орнатылған күйінде қала берсін.
- Сия картриджі ауыстырылған кезде ғана алынуы қажет.

***Ескертпелер***

Сия картриджері алғаш рет орнатылғанда (орнату кезінде), сия толтыру (жүктеу сиясы) үшін пайдаланылады, сондықтан, сия картриджін қалыпты жағдайдан ертерек ауыстырылуы мүмкін.

# Қауіпсіздік құлпының қосқышын орнату

Диск қақпағын автоматты түрде құлыптау үшін қауіпсізік құлпының қосқышын орнатыңыз. Бастапқыда, қауіпсіздік құлпының қосқышы өшірулі тұрады.

**1** Диск қақпағын ашыңыз.



**2** Қауіпсіздік құлпының қосқышын **ON** немесе **OFF** күйге қойыңыз.

**ON** күйге қойылғанда: Диск қақпағы жабылған сайын автоматты түрде құлыпталады. Құлыптан босату үшін, диск қақпағының кілтін.

**OFF** күйге қойылғанда: Диск қақпағы әрдайым құлыптаулы болады.



# Жариялау режимін орнату

Бұл өнім келесідей жариялау режимдеріне ие: Стандартты режим, сыртқы шығару режимі және топтама режимі. Диск жариялау сапасы мен қолданба негізінде қолданылатын режимді таңдаңыз. Таңдалған режим негізіндегі қабылдағыштарды орнатыңыз.

## Жариялау режимдерінің түрлері

### Стандартты режим

Бұл режим дискілерге арналған кіріс перфоратор қабылдағышы ретінде 1-жинақтауышты пайдаланады. Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 2-жинақтауышты немесе 4-жинақтауышты таңдай аласыз.

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 2-жинақтауышты таңдасаңыз, дискілерді қайта толтырмастан 50 диск жариялай аласыз немесе жарияланған дискілерді шығара аласыз.

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 4-жинақтауыш таңдалса, жариялау кезінде кідіртпестен жарияланған дискілерді оңай шығара аласыз.

Дискілерді үздіксіз қайта толтыру және шығару 1000 дискіге дейін жариялауға мүмкіндік береді.






### *Сыртқы шығыс режимі*

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 3-жинақтауышты немесе 4-жинақтауышты таңдай аласыз. Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 4-жинақтауыш таңдалса, жариялау кезінде кідіртпестен жарияланған дискілерді оңай шығара аласыз. Сыртқы шығыс режимі қолданбаға сәйкес келесідей әдістерде өнімді қолдануға мүмкіндік береді.

- Әр қабылдағышқа басқа диск түрін жүктеу

Мысалы, 1-жинақтауыш ішіне CD-R дискілері, ал 2-жинақтауыш ішіне DVD-R дискілері жүктелсе, қабылдағыш дискілерді ауыстырмастан қажетті дискіні жариялау үшін, қабылдағышты таңдаса болғаны.




- Дискінің бір түрін үздіксіз жариялау

Егер бір типтегі дисктер 1-жинақтауыш және 2-жинақтауыш ішіне жүктелген болса және енгізу қабылдағышының параметрі үшін [Auto] белгіленген болса, дисктерді қайта толтырусыз жарияланған дисктерді шығару арқылы 100-ге дейін CD/DVD/BD дисктерін үздіксіз жариялауға болады. Дисктерді қайта толтыру және жарияланған дисктерді шығару арқылы 1000-ға дейін CD/DVD дисктерін толассыз жариялауға болады.



## *Топтама режимі*

Бұл режим 1-жинақтауыш пен 2-жинақтауыш - кіріс перфоратор қабылдағышы және 2-жинақтауыш пен 3-жинақтауыш - шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде пайдаланады.

1-жинақтауыш пен 2-жинақтауыш қабылдағышының әрқайсысына 50 диск жүктеу дискілерді қайта толтыру немесе жарияланған дискілерді алудың қажетінсіз дәл сол дисктің 100 көшірмесін үздіксіз жариялауға мүмкіндік береді. Дискілерді үздіксіз қайта толтыру және шығару 1000 дискіге дейін жариялауға мүмкіндік береді. Егер осы режимді пайдаланатын болсаңыз, 3-жинақтауыш салғаныңызғ көз жеткізіңіз.



## Қабылдағыштарды орнату

Жариялау режимі анықталғаннан кейін, таңдалған режим үшін қабылдағыштарды орнату үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

1. Stacker 1 салғанда саңылаулармен туралаңыз.



2. Stacker 2 салғанда саңылаулармен туралаңыз.



**3** Топтама режимін пайдаланғанда немесе Stacker 3 сыртқы шығыс режиміндегі шығыс перфоратор қабылдағышына орнатылса, Stacker 3 тұтқасын ұстап, саңылаулармен туралаңыз.



- Stacker 3 пайдаланғанда құлыптау иінтірегін [LOCK] күйге орнатыңыз, және Stacker 4 қабылдағышын шығарыңыз.




- Stacker 3 стандартты режимде және Stacker 4 сыртқы шығыс режиміндегі шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде орнатылса, пайдаланылмайды. Құлыптау иінтірегін [UNLOCK] күйіне орнатыңыз.




**4** Диск қақпағын жабыңыз.



## Орнату процедурасы

Қабылдағыштарды орнатқаннан кейін Жариялау режимін орнату үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

1 Сұйық кристалды дисплейде көрсетілген режим таңдау экранында пайдалануға арналған жариялау режимін көрсету үшін ▲/▼ пайдаланыңыз және түймесін басыңыз.




2 Растау хабарламасы пайда болғанда, түймесін басыңыз.




Іске қосу операциясы басталады. Іске қосу екі немесе үш минут алады.
Іске қосу аяқталғанда, СКД-да [Please register an administrator] хабарламасы пайда болады.

- Іске қосу кезінде қуат көзін өшірмеңіз.
- Бұл өнімді пайдалану үшін әкімшінің тіркелуі қажет. Желілік параметрлерді реттеген соң (осы нұсқаулықтағы 27-бет қараңыз) әкімшіні тіркеңіз. Әкімшіні тіркеу туралы процедураны осы нұсқаулықтағы 32-беттегі "Әкімшіні тіркеу" бөлімінен қараңыз.
- Бұл өнімнің операциясы жариялау режимінің бапталуына байланысты өзгеруі мүмкін. Күтпеген ескерту немесе қатені болдырмау үшін, жариялау режимін орнатқаннан кейін немесе өзгерткеннен кейін тиісті жариялау режимі орнатылғанын тексеріңіз.

**Ескертпелер**

Жариялау режимін орнатқаннан кейін, өнімнің СКД-де көрсетілетін хабарламалардың тілдік параметрін ағылшын тілінениспан, француз, итальян, дат, португал жапон немесе неміс тілдеріне ауыстыра аласыз. Тілдік параметрді өзгрткіңіз келсе, осы нұсқаулықтың 44-беттегі "Тілді орнату"-бетін қараңыз.

# Желілік параметрлер

Желі келесідей екі әдіспен орнатыла алады:

- Жұмысты компьютерден орындау
- Жұмысты өнімнің басқару панелінен орындау

Алғаш рет орнату кезінде, басқару панелінің көмегімен желілік орнатуды іске асырыңыз.

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | Әкімші тіркелмейінше желілік параметрлер компьютер көмегімен орындалмайды. Әкімшіні тіркеу туралы процедураны осы нұсқаулықтағы 32-бет-беттен қараңыз. |

## Жұмысты өнімнің басқару панелінен орындау

1 MENU түймесін басыңыз.

Жоғарғы мәзір пайда болады.

2 Желілік параметрлер ("Top menu Network") экранын көрсету үшін ▲/▼ түймелерін пайдаланып, түймесін басыңыз.




3 Желіге арналған өзгерту параметрлерінің ("Network Change settings") экранын көрсету үшін ▲/▼ түймесін пайдаланыңыз, түймесін басыңыз.



**4** IP мекенжайға арналған өзгерту параметрлерінің (“Change settings IP address”) экранын көрсету үшін ▲/▼ түймелерін пайдаланып, түймесін басыңыз.




**5** Орнату әдісін таңдау үшін ▲/▼ түймелерін және түймесін басыңыз.

"Manual" таңдалғанда: Параметрлер қолмен реттеледі. 6-қадамға өтіңіз.

“Auto” таңдалғанда: Желі параметрлері автоматты түрде DHCP тарапынан жасалады. 9-қадамға өтіңіз.

"Manual" таңдалғанда




"Auto" таңдалғанда




**6** IP мекенжайын енгізу үшін ▲/▼/ ◀ / ▶ түймелерін пайдаланып, түймесін басыңыз.




**7** Ішкі желі маскасын енгізу үшін ▲/▼/ ◀ / ▶ түймелерін пайдаланып, түймесін басыңыз.



**8** Әдепкі шлюзді енгізу үшін ▲/▼/ ◀ / ▶ түймелерін пайдаланып, ↵ түймесін басыңыз.




**9** Параметр өзгерісін растау хабарламасы ("Change network settings?") пайда болғанда, ↵ түймесін басыңыз.




***Ескертпелер***

- Қажет болған жағдайда, Jumbo Frame орнатыңыз. (“Top menu” - “Network” - “Change Settings” - “JUMBO FRAME”) Бастапқы күйде, Jumbo Frame өшірулі күйге орнатылады.
- Егер [Receiving job Cannot proceed] хабарламасы СКД-да пайда болса, тапсырманың өңделуі аяқталғанша күтіңіз, содан кейін қайталаңыз.

## Жұмысты компьютерден орындау

**Ескертпелер**

- Желі параметрлері басқару панелі көмегімен орнатылғаннан кейін әкімші тіркелгенде желілік параметрлерді алғаш рет компьютер көмегімен орнатуға мүмкін болады. Әкімшіні тіркеу туралы процедураны осы нұсқаулықтағы 32-бет бөлімінен қараңыз.
- Байланыс жылдамдығы мен Jumbo Frame компьютер көмегімен орнатылмайды. Өнімнің басқару панелін пайдаланыңыз (“Top menu” – “Network” – “Change settings” – “Link speed/ JUMBO FRAME”).

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* “EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [System settings] экранындағы [Network] қойындысын басыңыз.




**3** IP мекенжайын, DNS серверінің баптау әдісін және хост пен домен атын баптау әдісін қолмен енгізіңіз немесе [Auto] күйіне орнатып, [Save] функциясын басыңыз.



4 [OK] түймесін басыңыз.



# Әкімшіні тіркеу

Өнімді басқарып, бақылайтын әкімшіні тіркеңіз. Әкімшіні тіркеген соң, өнімді қолданатын басқа пайдаланушылар тіркеле алады. (Пайдаланушыны тіркеу туралы процедураны осы нұсқаулықтағы 54-беттегі "Пайдаланушыларды тіркеу"-беттен қараңыз.)

**1** Компьютердегі Internet Explorer қолданбасын іске қосып, IP мекенжайды енгізіңіз,

(http://xxx. xxx. xxx. xxx) ол мекенжай жолағына орнатылады.

Мына мысалда, http://192.168.192.168 енгіземіз.

| | |
|---|---|
| ! | Total Disc Net Administrator ортаңызға байланысты дұрыс іске қосылмауы мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, осы өнімнің IP мекенжайын «Сенімді тораптарға» немесе «Жергілікті интражеліге» қосыңыз. |

| | |
|---|---|
| *Ескертпелер* | IP мекенжайдың параметрі өнімнің басқару панелінен тексеріле алады (“Top menu” – “Network” – “Check settings”). |

**2** Пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізіңіз, содан кейін құпия сөзді растау үшін қайта енгізіңіз, [Save] функциясын басыңыз.




| | |
|---|---|
| ! | • Пайдаланушы аты үшін әріптік сандық 5-16 таңба енгізіңіз.<br>• Құпия сөз үшін әріптік сандық 5-16 таңба немесе белгі (“.”, “ -”, “_”) енгізіңіз.<br>• Құпия сөз әріп түріне тәуелді.<br>• Құпия сөзді оңай анықтауға болатын туған күн, қызметкердің нөмірі немесе басқа да мәліметті орнатпаңыз.<br>• Құпия сөзді сізден басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз. |

**Ескертпелер**

- Орнатылған пайдаланушы аты мен құпия сөз EPSON Total Disc Net Administrator жүйесі үшін пайдаланылады.
- Қажет болған жағдайда, толық атыңызды және электрондық мекенжайыңызды жазыңыз. Хабарландырудың электрондық таратылымы орнатылса, электрондық мекенжайды енгізу қажет. Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 38-беттегі "Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері" бөлімінен қараңыз.
- Екінші және одан кейінгі әкімшіні тіркеу туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 54-беттегі "Пайдаланушыларды тіркеу"-бетті қараңыз.

**3** [OK] түймесін басыңыз.




Әкімшіні тіркеу аяқталғанда, әкімші автоматты түрде EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіреді және жоғарғы экран ([Job management] экраны) пайда болады.




**Ескертпелер**

[User management] қойындысын басу арқылы пайда болатын пайдаланушылар тізімінен әкімшінің дұрыс тіркелгенін тексеруге болады.

- [Edit] түймесін басу әкімшінің толық аты мен электрондық мекенжайын өзгерту мүмкіндігін береді.
- Бұндай жағдайда, [Delete] қойындысын басу пайдаланушы ақпаратын жоймайды, себебі тек бір әкімші тіркелген. Кемінде бір әкімші әрдайым тіркеліп тұруы қажет.

# Жүйе параметрлері

Өнімді қолдану мақсаты мен жұмыс істеу ортасына сәйкестендіру үшін параметрлерді реттеңіз.

## Шығару құрылғысының параметрлері

Бұл қолданылған диск түрін таңдау үшін, жетек параметрлерін реттеу үшін және жазу қатесі пайда болған кезде параметрлерді реттеу үшін қолданылады.

1. EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
   Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

2. [System settings] қойындысын басыңыз.



**3** Әр элемент үшін ақпарат орнатып, [Save] қойындысын басыңыз.




## *Device name:*

Қосылған өнімнің атын орнатуға болады.

## *Publish Mode*

- Mode: Орнатылған жариялау режимін көрсетеді. Жариялау режимін де өзгертуге болады.
- Stacker 1: 1-жинақтауыш үшін қолданылатын диск түрін таңдаңыз.
- Stacker 2: Сыртқы шығыс режиміне орнатылса, 2-жинақтауыш үшін қолданылатын диск түрін таңдаңыз.
- Stacker 3: Сыртқы шығыс режиміне орнатылса, келесідей опциялардың бірін таңдаңыз:

| Элемент | Сипаттама |
|---|---|
| Output stacker | Жарияланған дискілерді Stacker 3 ішіне шығарғыңыз келсе, таңдаңыз. |
| Do not use | Жарияланған дискілерді Stacker 4 ішіне шығарғыңыз келсе, таңдаңыз. |

- Stop after each job (Топтама режиміне орнатылғанда)

Бұл құсбелгі ұяшығын тексерсеңіз, жариялау процесі әрбір тапсырмадан кейін тоқтайды. Жарияланған дискілерді (Stacker 2 жұмыс істету) шығару келесі тапсыманың өңдеуін бастайды.

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | • Стандартты режим таңдалса, [Stacker 2] көрсетіледі [Output Stacker].<br>• Топтама режим таңдалса, [Stacker 1] үшін таңдалған диск түрін [Stacker 2] көрсетеді.<br>• Жариялау режимін өзгерту үшін осы нұсқаулықтағы 62-беттегі "Жариялау режимін өзгерту"-бетті қараңыз.<br>• Топтама режиміндегі Stacker 2 алып тастасаңыз немесе орнатсаңыз, жарияланған дискілер ішінде қалғанымен шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде келесі тапсырма Stacker 2 қабылдағышынан басталады. [Stop after each job] тексерсеңіз, өнімді бірнеше пайдаланушы қолданып отырғанда, әр тапсырмадан кейін жарияланған дискілерді шығару мәселесіне нүкте қояды. |

## *Drive settings*

- Drive used: Төмендегі жетектердің ішінен қолданылатын жетекті таңдаңыз.

| Элемент | Сипаттама |
|---|---|
| Use both | 1-жетек те, 2-жетек те диск жазу үшін пайдаланылады. Тапсырмалар екі жетекті пайдаланғанда тиімді өңделеді. Бір жетекте ақау пайда болып, деректі жазу мүмкін болмаса, екінші жетек автоматты түрде қолданылады. |
| Use Drive 1 Only | Тек 1-жетекті қолдану |
| Use Drive 2 Only | Тек 2-жетекті қолдану |

- Number of write retries: Диск жазу кезінде пайда болған қателерден кейінгі қайта жазу әрекеттерінің саны нөлден тоғызға дейін таңдалады.

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | • Қайта жазу әрекеттерінің санын орнату арқылы жазу кезінде қате пайда болғанның өзінде, тапсырма өңдеуін тоқтатпастан тапсырманың қайта орындауға болады. Қате пайда болған диск шығыс перфоратор қабылдағышына шығарылады.<br>• Алдын ала орнатылған қайта жазу әрекеттерінің санына байланысты жазу қатесі пайда болса, жетекті пайдалану автоматты түрде тоқтатылады және [Drive operation paused DRV1/2] хабарламасы СКД-да көрсетіледі. Тоқтатылған жетектің жұмысын жалғастыру үшін, [Drive Settings] параметрлерді реттеңіз.<br>• Жазу қателерінің салдары мен олардан құтылу процедуралары туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 81-беттегі "Дискінің жазу ақаулықтары" бөлімінен қараңыз. |

## *Printer settings*

- Show error mark on discs that experience errors

Егер бұл құсбелгі ұяшығын белгілесеңіз, қате белгісі жазу қатесі бар кез келген дискте басылып шығарылады. Оны жазу қатесі кездескен дискті айқындау үшін қолдануға болады.

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | Қате белгісі келесі жағдайларда басылып шығарылмайды.<br>• Тапсырма EPSON Total Disc Monitor ішінде болдырылмады.<br>• Қате белгісін басып шығару үшін қалған сия жеткілікті емес<br>• Түзетілмес қате |

## *Notification settings*

- Beep when a job is finished, or when the source stacker is empty

Бұл құсбелгі ұяшығын белгілесеңіз, құрылғы тапсырма (тапсырмалар) аяқталғаны немесе дискіні енгізу қажеттілігі туралы дыбыстық сигнал беріледі. Сондай-ақ, әр тапсырманың аяқталғаны немесе барлық тапсырмалар аяқталғаны туралы хабарландыру алу үшін бұл опциялардың бірін таңдаңыз.

4 [OK] түймесін басыңыз.



## Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері

Диск жариялауға қатысты электрондық хаттар жіберу, сияның қашан ауыстырылуы қажеттігі турлы хабарлау немесе пайда болған ақаулықтар туралы әкімшіге хабарлау үшін параметрлер реттеледі.

> **!**
> - Электрондық хабарландыру алған кезде, электрондық хатта көрсетілген нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып шаралар қолданылуы қажет.
> - Электрондық хабарландыруды алу үшін электрондық мекенжай көрсетілуі қажет. Электрондық мекенжайды көрсетуге қатысты процедураны осы нұсқаулықтағы 54-беттегі "Пайдаланушыларды тіркеу" немесе 53-беттегі "Пайдаланушы ақпаратын тексеру" бөлімінен таба аласыз.
> - Спамды бұғаттайтын бағдарлмалық жасақтама қолданылса, параметрлерді [Sender's email address] көрсетілген электрондық мекенжайдан жіберілген URL бар электрондық хатты алуға болатындай өзгертіңіз.

> ***Ескертпелер***
>
> Орнатқаннан кейін электрондық хабарландыру таратылымының параметрлерінен (осы нұсқаулықтың 40-бет-бетін қараңыз) бас тартқыңыз келсе, [Email] экранындағы [SMTP server] өрісін тазалаңыз, содан кейін параметрлерді сақтаңыз. Электрондық пошта параметрлерінің басқа кіріс мәндері автоматты түрде тазарады және параметрлер сақталады.

## Электрондық хабарландырудың түрлері

Электрондық хабарландырудың келесідей түрлерін жіберуге болады.

### Диск жариялауға қатысты электрондық хаттар

- Кіріс перфораторының қабылдағышы бос екендігін хабарлайтын электрондық хат
- Кіріс перфораторының қабылдағышы толы екендігін хабарлайтын электрондық хат
- Жазылған дискілер кіріс перфораторының қабылдағышына жүктелгенін хабарлайтын электрондық хат
- Тапсырма үшін көрсетілген дисктен басқа бір диск кіріс перфораторының қабылдағышына жүктелгенін хабарлайтын электрондық хаттар
- Дискте қате пайда болғандығы туралы хабарлайтын электрондық хаттар
- Қуатты өшіру реті қуатты автоматты өшіру функциясынан басталғанын хабарлайтын электрондық хаттар

### Сияға қатысты электрондық хаттар

- Сия картриджін ауыстыру уақыты жақындағанын хабарлайтын электрондық хаттар
- Сия картриджін ауыстыру қажеттігін хабарлайтынэлектрондық хаттар
- Сия төсемінің ауыстыру уақыты жақындағанын хабарлайтын электрондық хаттар
- Сия төсемінің ауыстыру қажеттігін хабарлайтын электрондық хаттар

### Бағдарламалық жасақтамаға қатысты электрондық хаттар

- Диск тасымалы сәтсіз аяқталғанын хабарлайтын электрондық хаттар
- Принтер науасын немесе жетегін ашу немесе жабу сәтсіз аяқталғанын хабарлайтын электрондық хаттар
- Автожүктегіште, принтерде немесе жетек жұмысында қате пайда болғанын хабарлайтын электрондық хаттар
- Принтерге техникалық қызмет көрсету қатесі пайда болғанын хабарлайтын электрондық хаттар

және т.б.

<Электрондық хабарландырудың мысалы>



## Орнату процедурасы

Электрондық хабарландыру параметрлерін реттеу үшін төмендегі процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [System settings] экранындағы [Email] қойындысын басыңыз.




**3** Әр элемент үшін ақпарат орнатып, [Save] қойындысын басыңыз.



## *Email settings*

- Language for outgoing mail: Төменде көрсетілген тілдердің ішінен электрондық хабарландыруда қолданатын тілді таңдаңыз.
  Жапон, неміс, ағылшын, испан, француз, итальян, дат, португал
- SMTP server: Электрондық хабарландыру жіберуге қолданылған SMTP серверінің IP мекенжайын немесе хост атын және порт нөмірін енгізіңіз.
- POP server: Егер [Email authentication] ішіндегі [POP before SMTP] немесе [APOP before SMTP] таңдалса, ашылған POP серверінің IP мекенжайын немесе хост атын және порт нөмірін енгізіңіз.
- Sender's email address: Жіберушінің электрондық хабарландыру мекенжайын енгізіңіз.
- Sender's name: Электрондық хабарландыруды жіберуші атын енгізіңіз.
- Email authentication: Төмендегі әдістердің ішінен электрондық хабарландыру аутентификациясының әдісін таңдаңыз.
  Ешқайсысы, SMTP бұрын POP, SMTP бұрын APOP, SMTP-AUTH (PLAIN), SMTP-AUTH (LOGIN), SMTP-AUTH (Digest-MD5)
- Authentication account: Электрондық пошта серверінің аутентификация аккаунтын енгізіңіз.
- Authentication password: Электрондық пошта серверінің аутентификация құпия сөзін енгізіңіз.

## *Email transmission settings*

Жібергіңіз келген электрондық хат түрлеріне арналған құсбелгі ұяшықтарын таңдаңыз.

**4** [OK] түймесін басыңыз.



## Күн мен уақытты орнату

Бұл өнімнің ішкі сағатын орнатады.

1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

2 [System settings] экранындағы [Date/Time] қойындысын басыңыз.




3 [Manual setting] немесе [Automatic setting] таңдаңыз.

[Manual setting] таңдалғанда: Күнді таңдап, уақытты енгізіңіз.
[Automatic setting] таңдалғанда: Төмендегі NTP серверін баптау әдістерінің бірін таңдаңыз.

- NTP серверін қолмен орнату үшін, [Manual] таңдаңыз және [NTP server] ішіне IP мекенжайын немесе NTP серверінің хост атын енгізіңіз.
- DHCP серверінен NTP серверін орнату үшін, [Auto] таңдаңыз.



**4** [Time zone] таңдаңыз, егер жазғы уақыт қолданылса, [Daylight Saving Time] құсбелгі ұяшығын таңдап, [Save] қойындысын басыңыз.




**5** [OK] түймесін басыңыз.



# Тілді орнату

Жариялау режимін (осы нұсқаулықтың 21-бет-бетінде) орнатқаннан кейін, өнімнің СКД-де көрсетілетін хабарламалардың тілдік параметрін ағылшын тілінен испан, француз, итальян, дат, португал, жапон немесе неміс тілдеріне ауыстыра аласыз.

Тіл параметрін өзгерту үшін төмендегі процедураны пайдаланыңыз.

1. MENU түймесін басыңыз.

   Жоғарғы мәзір пайда болады.

2. Тіл параметрлері (“Top menu Language”) экранын көрсету үшін ▲/▼ пайдаланып, ↵ түймесін басыңыз.




3. Өзгерткіңіз келген тілді көрсету үшін ▲/▼ түймелерін пайдаланып, ↵ түймесін басыңыз.



# Әкімшілік және басқару

## Тапсырмаларды басқару

Бұл тарау жарияланған тапсырмаларды қалай тексеру, кідірту, жалғастыру және болдырмау қажеттігін және тапсырма дерегін қалай жою қажеттігін түсіндіреді.

### Тапсырма ақпаратын тексеру

EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кірген соң [Job management] экранындағы тапсырмалардың тарихы мен толық ақпаратын тексере аласыз. Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.




Тапсырмалар тізімі бұл өнімге жарияланған төмендегідей күйі бар барлық тапсырмаларды көрсетеді.

- Күту
- Жариялау
- Аяқталды
- Кідіртілді
- Кідіруде
- Болдырылмауда
- Күтуде
- Қайтарылуда

Тапсырма күйінің дисплейі автоматты түрде жаңартылмайды. Дисплейді жаңарту үшін, Internet Explorer қолданбасында [View] мәзіріндегі [Refresh] қойындысын басыңыз.

**Ескертпелер**

- Егер іздеу опциясын пайдалансаңыз, көрсетілген шарттарға байланысты іздеу нәтижелерінің тапсырмалар тізімін көрсетеді.
- Толық мәліметті тапсырма ақпаратын көрсету үшін тексергіңіз келген тапсырманың [Details] басыңыз.

# Тапсырманы өңдеу күйін тексеру

Тапсырманы өңдеу күйін тексеру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімін қараңыз.

**2** [Unfinished Job] қойындысын немесе [Finished Job] қойындысын басыңыз.

[Unfinished Job] экраны немесе [Finished Job] экраны пайда болады.




[Unfinished Job] экраны: Күтуде, Жариялануда, Кідіртілді, Кідіртілуде, Болдырылмауда, Күтуде немесе Қайтарылуда күйі бар тапсырмалар тізімін көрсетеді.

[Finished Job] экраны: Жарияланды және Болдырмау күйі бар тапсырмалар тізімін (соңғы 50 тапсырма) көрсетеді.

## Кідіртілген тапсырмалар

Тапсырма өңделіп жатқанда, диск қақпағының операцясын немесе өнім құрылғысының операциясын орындамас бұрын тапсырма өңдеуін кідіртуді ұмытпаңыз.

Тапсырманы кідірту үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

> **!** Тек Күтуде, Жариялануда, Күтуде немесе Қайтарылуда деген күйі бар тапсырманы ғана кідіртуге болады.

**1** EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімін қараңыз.

**2** Өңдеу жұмысын кідірткіңіз келген тапсырманы таңдаңыз, және [Pause] түймесін басыңыз.




Тапсырма кідіртілгенде, тапсырма күйі дисплейі "Кідіртілуде" күйінен "Кідіртілді" күйіне өзгертіледі.

> **!**
> - Егер жарияланып жатқан диск бар болса, тапсырма процесс аяқталғаннан кейін уақытша тоқтатылады.
> - Тапсырма тоқтатылып тұрған кезде келесі тапсырмалардың ешбірін орындау басталмайды.

> ***Ескертпелер***
> Кідіртілген тапсырманы таңдау және [Cancel] түймесін басу өңдеу процесін жалғастырмастан тапсырманы болдырмауға мүмкіндік береді.

## Тапсырмаларды жалғастыру

Кідіртілген тапсырманың өңдеу процесін жалғастыру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

> Тек "Кідіртілді" немесе "Кідіртілуде" күйі бар тапсырманы ғана жалғастыруға болады.

**1** EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімін қараңыз.

**2** Өңдеу жұмысын жалғастырғыңыз келген тапсырманы таңдаңыз, және [Resume] түймесін басыңыз.




Тапсырма жалғастырылғанда, тапсырма күйі дисплейі "Кідіртілді" күйінен "Күтуде" күйіне өзгертіледі.

## Тапсырмаларды болдырмау

Тапсырманың өңдеу процесін болдырмау үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

> Тек "Күтуде", "Жариялануда", "Кідіртілді", "Кідіртілуде", "Күтуде" немесе "Қайтарылуда" деген күйі бар тапсырманы ғана болдырмауға болады.

**1** EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімін қараңыз.

**2** Болдырылмауы қажет тапсырманы таңдаңыз және  [Cancel] түймесін басыңыз.




**3** [Yes] түймесін басыңыз.




Тапсырма болдырылмағанда, тапсырма дискі [Unfinished Job] экранынан пайда болады.

> Егер диск жарияланып жатқан болса, процесс тоқтап, диск шығару жинақтауышына шығарылады.

## Басымдық бойынша жариялау

Бірден көп тапсырма жарияланып жатқан кезде қандай да бір тапсырманы басқа тапсырмалардан бұрын орындау қажет болса, төмендегі процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* “EPSON Total Disc Monitor іске қосу” бөлімін қараңыз.

**2** Басымдық бергіңіз келген тапсырманы таңдап,  [Priority Publishing] түймесін басыңыз.




Таңдалған тапсырма ағымда орындалып жатқан тапсырмадан кейін орындалады.




| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | Шүмек тексерісі, басып шығару басын туралау және басып шығару позициясын туралау секілді операциялардан бұрын ешбір операцияға басымдық берілмейді. |

# Тапсырмаларды жою

Өнімнің қатты дискінде өте аз орын қалғанда, спул дерегі мен тапсырма тарихын жою үшін келесі процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [Delete job] түймесін басыңыз.




**3** Жойғыңыз келген тапсырманы табу үшін іздеу опцияларын пайдаланыңыз.



**4** Жойғыңыз келген тапсырмаға арналған құсбелгі ұяшығын таңдаңыз және [Delete spool data] немесе [Delete spool data and job history] түймесін басыңыз.




**5** Пайда болатын жоюды растау хабарламасындағы [OK] түймесін басыңыз.

# Пайдаланушыларды басқару

## Пайдаланушы ақпаратын тексеру

Тіркелген пайдаланушы ақпаратын тексеру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

2 [User management] қойындысын басыңыз.




[User management] экраны пайда болады.




Пайдаланушылар тізімі пайдаланушының аты мен тіркелген пайдаланушылардың толық атын көрсетеді.

| | |
|---|---|
| *Ескертпелер* | • [Edit] түймесін басу тіркелген пайдаланушының толық аты мен электрондық мекенжайын және өкілеттігін өзгерту мүмкіндігін береді.<br>• [Delete] түймесін басу тіркелген пайдаланушы ақпаратын жою мүмкіндігін береді. |

## Пайдаланушыларды тіркеу

Екінші немесе одан кейінгі әкімшілерді немесе жариялаушыны тіркеу үшін келесі процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [User management] қойындысын басыңыз.




**3** [User registration] түймесін басыңыз.



**4** Пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізіңіз, содан кейін құпия сөзді растау үшін қайта енгізіңіз, [Save] функциясын басыңыз.




- Әкімшіні қосу үшін, [Administrator] құсбелгі ұяшығын таңдаңыз.
- Пайдаланушы аты үшін әріптік сандық 5-16 таңба енгізіңіз.
- Құпия сөз үшін әріптік сандық 5-16 таңба немесе белгі (“.”, “ -”, “_”) енгізіңіз.
- Құпия сөз әріп түріне тәуелді.
- Құпия сөзді оңай анықтауға болатын туған күн, қызметкердің нөмірі немесе басқа да мәліметті орнатпаңыз.
- Құпия сөзді падланушыдан басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз.
- 100 пайдаланушыға дейін ақпарат тіркей аласыз.

***Ескертпелер***

Қажет болған жағдайда, толық атыңызды және электрондық мекенжайыңызды жазыңыз. Хабарландырудың электрондық таратылымы орнатылса, электрондық мекенжайды енгізу қажет. Хабарландырудың электрондық таратылымын орнату туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 38-беттегі "Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері"-беттен қараңыз.

**5** Пайда болатын растау хабарламасындағы [OK] түймесін басыңыз.

[User management] экранының пайдаланушылар тізімі пайда болады.
Пайдаланушының дұрыс тіркелгенін тексеріңіз.




Орнатылған пайдаланушының аты мен құпия сөзі туралы пайдаланушыға хабарлаңыз.
Жүйеге кіргеннен кейін пайдаланушы құпия сөзді өзгертеді.

***Ескертпелер***

- [Edit] түймесін басу тіркелген пайдаланушының толық аты мен электрондық мекенжайын және өкілеттігін өзгерту мүмкіндігін береді.
- [Delete] түймесін басу тіркелген пайдаланушы ақпаратын жою мүмкіндігін береді.

## Пайдаланушы ақпаратын өзгерту

Тіркелген пайдаланушы ақпаратын өзгерту үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

2 [User management] қойындысын басыңыз.




3 Ақпаратын өзгерткіңіз келген пайдаланушының [Edit] түймесін басыңыз.



**4** Қажет болған жағдайда, пайдаланушының толық атын, пошталық мекенжайын және өкілеттігін өзгертіңіз және [Save] түймесін басыңыз.




**5** Пайда болатын жаңартуды растау хабарламасындағы [OK] түймесін басыңыз.

## Пайдаланушы ақпаратын жою

Тіркелген пайдаланушы ақпаратын жою үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [User management] қойындысын басыңыз.




**3** Ақпаратын жойғыңыз келген пайдаланушының [Delete] түймесін басыңыз.




**4** [OK] түймесін басыңыз.




[User management] экранының пайдаланушылар тізімі пайда болады.
Пайдаланушының жойылғанын тексеріңіз.

## Құпия сөзді өзгерту

Құпия сөз бен тіркелген пайдаланушыны өзгерту үшін келесідей процедураны пайдланыңыз.

> Құпия сөзді падланушыдан басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [User management] қойындысын басыңыз.




**3** Ақпаратын өзгерткіңіз келген пайдаланушының [Edit] түймесін басыңыз.



## 4 [Change password] түймесін басыңыз.




## 5 Жаңа құпия сөзді енгізіңіз, [Save] түймесін басыңыз.




- Құпия сөз үшін әріптік сандық 5-16 таңба немесе белгі (“.”, “ -”, “_”) енгізіңіз.
- Құпия сөз әріп түріне тәуелді.
- Құпия сөзді оңай анықтауға болатын туған күн, қызметкердің нөмірі немесе басқа да мәліметті орнатпаңыз.

## 6 [OK] түймесін басыңыз.



# Жариялау режимін өзгерту

Бұл тарау жариялау режимін қалай өзгерту қажеттігін түсіндіреді.

> Жариялау режимін өзгерту спул дерегін жояды.

1 **Барлық жұмыстың аяқталғанын тексеріңіз.**

Тексеру процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 46-беттегі "Тапсырманы өңдеу күйін тексеру" бөлімінен қараңыз.

2 **EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.**

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

3 **[System settings] қойындысын басыңыз.**



**4** [Mode] параметрін Жариялау режиміне өзгертіңіз, [Save] түймесін басыңыз.




**5** [OK] түймесін басыңыз.




**6** Жариялау режиміне сәйкес қабылдағышты енгізіңіз.

Осы нұсқаулықтағы 24-беттегі "Қабылдағыштарды орнату" бөлімін қараңыз..

> **!** Бұл өнімнің операциясы жариялау режимінің бапталуына байланысты өзгеруі мүмкін. Күтпеген ескерту немесе қатені болдырмау үшін, жариялау режимін өзгерткеннен кейін тиісті жариялау режимі орнатылғанын тексеріңіз.

# Өніміңізге техникалық қызмет көрсету

## Деректің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру

Бұл тарау өнім конфигурациясы ақпаратының, тапсырма тарихының және басқа деректің сақтық көшірмесін қалай жасау қажеттігін және резервтік деректі қалай қалпына келтіру қажеттігін түсіндіреді.

### Деректің резервтік көшірмесін жасау

Резервтік көшірме жасалғанда төмендегі дерек сақталады.

- Тапсырма тарихы
- Пайдаланушы ақпараты
- Шығару құрылғысының параметрлері
- Хабарландырудың электрондық таратылымының параметрлері
- Күн мен уақыт параметрлері

Деректің резервтік көшірмесін жасау үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

- Спул дерегі мен желілік конфигурация ақпараты резервтік файлға сақталмайды.
- Жарияланған дискіге ұқсайтын диск жасағыңыз келгенде (see "Convenient Features" in the *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Ыңғайлы мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз), өнімнің ішкі қатты дискісіндегі спул дерегі қажет болады. Дерек файлы (.tdd файлы) мен жазу дерегін компьютерге EPSON Total Disc Maker файлдары үшін [File] ішіндегі [Save As] арқылы сақтағаныңыз жөн.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [Maintenance] экранындағы [Data] қойындысын басыңыз.



**3** [Backup] түймесін басыңыз.




**4** [OK] түймесін басыңыз.




**5** Резервтік файлын сақтауға арналған орынды көрсетіңіз және резервтік файлды сақтаңыз.

## Деректі қалпына келтіру

Осы нұсқаулықтың 64-беттегі "Деректің резервтік көшірмесін жасау"-бетінде жасалған резервтік файлды қалпына келтіру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

- Қалпына келтіру процесін орындасаңыз, қалпына келтірілген дерек желілік конфигурация ақпараты мен техникалық қызмет көрсету ақпаратынан басқа конфигурациялық деректі және тапсырмалар тарихын қайта жазады.
- Басқа жариялау режимінің резервтік файлын қалпына келтіру мүмкін емес.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [Maintenance] экранындағы [Data] қойындысын басыңыз.

**3** Резервтік файлды көрсету үшін [Browse] түймесін басып, [Restore] түймесін басыңыз.




**4** [OK] түймесін басыңыз.




BUSY жарық диоды жанады, және қалпына келтіру процесі басталады.
BUSY жарық диоды өшкенде, қалпына келтіру процесі аяқталады.

# Басқапқы күйге келтіру

Бұл тарау өнімді басқапқы күйге қалай келтіру қажеттігін түсіндіреді.

- Әкімші өнімді бастапқы күйге келтіруі қажет және жұмыс біткенше қадағалап отыруы қажет.
- Өнімді бастапқы күйге келтіру процесін бастамас бұрын, (осы нұсқаулықтағы64-беттегі "Деректің резервтік көшірмесін жасау" бөлімін қараңыз) резервтік көшірме жасаңыз. Өнімді бастапқы күйге келтіру орнатылған ақпараттың барлығын, оның ішінде пайдаланушы ақпараты мен жүйе параметрлерін, сондай-ақ барлық тапсырма тарихын жояды. Баптандыру аяқталғаннан кейін резервтік файлды қалпына келтіруге (осы нұсқаулықтағы 66-беттегі "Деректі қалпына келтіру" бөлімін қараңыз) болады.

*Ескертпелер*

Өнім бастапқы қалпына келтірілгенімен, өнімнің қолданыс күйінің дерегі жойылмайды. Қолданыс күйі туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 70-беттегі "Техникалық қызмет көрсету ақпаратын тексеру" бөлімінен қараңыз.

Өнімді бастапқы күйге келтірудің мынадай екі жолы бар:

- Жұмысты компьютерде орындау
- Жұмысты өнімнің басқару панелінен орындау

## Жұмысты компьютерде орындау

**1** Барлық жұмыстың аяқталғанын тексеріңіз.

Тексеру процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 46-беттегі "Тапсырманы өңдеу күйін тексеру" бөлімінен қараңыз.

**2** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**3** [Maintenance] экранындағы [Data] қойындысын басыңыз.



**4** [Factory reset] түймесін басыңыз.




**5** [OK] түймесін басыңыз.




BUSY жарық диоды жанады және бастапқы қалпына келтіру процесі басталады. Іске қосу екі немесе үш минут алады.

| |
|---|
| Іске қосу кезінде қуат көзін өшірмеңіз. |

Іске қосу аяқталғанда, СКД-да режим таңдау экраны пайда болады.

## Жұмысты өнімнің басқару панелінен орындау

**1** Барлық жұмыстың аяқталғанын тексеріңіз.

Тексеру процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 46-беттегі "Тапсырманы өңдеу күйін тексеру" бөлімінен қараңыз.

**2** MENU түймесін басыңыз.

Жоғарғы мәзір пайда болады.

**3** [Initialize] көрсету үшін ▲/▼ түймесін және ↵ түймесін басыңыз.




**4** Растау хабарламасы пайда болғанда, ↵ түймесін басыңыз.




BUSY жарық диоды жанады және бастапқы қалпына келтіру процесі басталады. Іске қосу екі немесе үш минут алады.

| | |
|---|---|
| ! | Іске қосу кезінде қуат көзін өшірмеңіз. |

| | |
|---|---|
| *Ескертпелер* | Егер [Receiving job Cannot proceed] хабарламасы СКД-да пайда болса, тапсырманың өңделуі аяқталғанша күтіңіз, содан кейін қайталаңыз. |

Іске қосу аяқталғанда, СКД-да режим таңдау экраны пайда болады.

# Техникалық қызмет көрсету ақпаратын тексеру

Бұл тарау техникалық қызмет көрсету кезінде пайдалы ақпаратты қалай тексеру қажеттігін және өнімді қалай қызмет көрсетілуі қажеттігін түсіндіреді.

## Құрылғы ақпаратын тексеру

Ішкі жетектің қолданыс күйін тексеру үшін және жарияланған дискілердің санын тексеру үшін мынадай процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [Maintenance] қойындысын басыңыз.




1-ші және 2-ші жетектердің қолданыс күйлері және жарияланған дискілердің саны [Device] экранында пайда болады.




| | |
|---|---|
| **Ескертпелер** | Сіз, сондай-ақ, 1-ші және 2-ші жетектердің қолданыс күйлері және жарияланған дискілердің санын EPSON Total Disc Setup экранындағы [Properties] бөліміндегі [Maintenance Info] қойындысын басу арқылы көрсете аласыз. |

## Операциялар журналын жүктеп алу

Бұл өнімдегі операциялар мен әрекеттердің тарихы операциялар журналы ретінде жазылады. 30 күндік жұмысқа арналған операциялар журналының файлын жүктеп алуыңызға болады. Операциялар журналының файлын техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін пайдаланыңыз.

операциялар журналының файлын жүктеп алу үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

**1** EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімін қараңыз.

**2** [Maintenance] экранындағы [Data] қойындысын басыңыз.




**3** [Download] түймесін басыңыз.




**4** Операциялар журналының файлын сақтауға арналған орынды көрсетіңіз және операциялар журналының файлын сақтаңыз.

# Ақаулықтарды жою

| | |
|---|---|
| *Ескертпелер* | EPSON Total Disc Monitor үшін анықтама файлымен бірге осы ақпаратына қараңыз. |

## Қате туралы хабарлар және түзету жұмыстары

Бұл өнімде ақаулық пайда болған жағдайда, ERROR жарық диоды қосылады немесе жанады және СКД-да қате туралы хабар пайда болады. Хабарды тексеріңіз және тиісті түзету жұмысын орындаңыз.

Дабылдың дыбыстық сигналы шығады.

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Arm move error** | Тұтқаны жылжыту мүмкін емес.<br>**Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Қуатты өшіріңіз.**<br>**2. Диск қақпағын ашыңыз және ішін шаң немесе басқа да заттардан тазартыңыз.**<br>**3. Қуатты қосыңыз.**<br>Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Cannot unlock disc cover** | **немесе CANCEL түймесін басыңыз және диск қақпағын бұғаттан шығару жұмысын қайта орындаңыз.** СКД экранында "Disc cover can be opened" хабарламасынан кейін диск қақпағын ашыңыз. Диск қақпағын құлыптан босату процедурасы үшін*PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Диск қақпағын құлыптан босату" бөлімін қараңыз. | |
| **CMOS Checksum error** | Егер сол қате туралы хабарлама қайта пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Сонымен қатар, кейбір жағдайда, өнімнің ішкі сағаты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сағат баптауын тексеріңіз және қажет болған жағдайда, тиісті түрде баптаңыз. (Осы нұсқаулықтағы 42-беттегі "Күн мен уақытты орнату" бөлімін қараңыз.) | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Disc cover open** | **Диск қақпағын жабыңыз.** | |
| | Бұл өнім қазір жұмыс істеп тұр.<br>**Диск қақпағын жабыңыз.**<br>• Тапсырма орындалып жатқанда (BUSY жарық диоды жанып тұрады) диск қақпағын ашпаңыз. Бұл жазу немесе басып шығару сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.<br>• Тұтқа операциясы кезінде өз қауіпсіздігіңіз үшін, қолыңызды ішіне салмаңыз.<br>• Тұтқа қозғалып тұрғанда ешқандай қабылдағышты пайдаланбаңыз. Бұл тұтқаны зақымдауы мүмкін. |  |
| **Disc drop error** | Тасымалдау кезінде тұтқа дискті түсіріп алды.<br>**Құлаған дискті алыңыз, қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** | |
| **Disc feed error**<br>**DRV 1/2** | Диск жетекке дұрыс орналастырылмады.<br>**Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Жетек науасынан дискті алыңыз.**<br>**2. Кіріс перфоратор жинақтағышындағы дискілерді толықтай ажыратып, қайта жүктеңіз.**<br>**3. Диск қақпағын жабыңыз.** | |
| **Disc feed error**<br>**PRN** | Диск принтерге дұрыс орналастырылмады.<br>**Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Принтер науасынан дискті алыңыз.**<br>**2. Кіріс перфоратор жинақтағышындағы дискілерді толықтай ажыратып, қайта жүктеңіз.**<br>**3. Диск қақпағын жабыңыз.** | |
| **Disc is**<br>**not writable** | Тапсырманы өңдеу процесі кідіртілді.<br>**Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Диск қақпағын ашыңыз.**<br>**2. Кіріс перфоратор жинақтағышынан жазуға келмейтін немесе жазылып қойған дискіні алып тастаңыз ( 1-жинақтауыш немесе 2-жинақтауыш).**<br>**3. Жазуға келетін дискіні жүктеңіз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Жазуға болатын диск түрлері" бөлімін қараңыз.*)<br>**4. Диск қақпағын жабыңыз.**<br>Тапсырманы өңдеу процесі автоматты түрде жалғасады. | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Disc is wrong type** | Тапсырманы өңдеу процесі кідіртілді. **Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Диск қақпағын ашыңыз.**<br>**2. Орнатылған диск түрінен басқа дискті кіріс перфоратор қабылдағышынан (Stacker 1 немесе Stacker 2) алыңыз.**<br>**3. Тиісті диск түрін жүктеңіз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Дискті жүктеу" бөлімін қараңыз.*)<br>**4. Диск қақпағын жабыңыз.**<br>Тапсырманы өңдеу процесі автоматты түрде жалғасады. | |
| **Disc pickup error (DRV 1/2)** | Жетек науасындағы дискті алу мүмкін емес. **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Disc pickup error (PRN)** | Принтер науасындағы дискті алу мүмкін емес. **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Disc pickup error (ST1/2)** | Тұтқа қабылдағыштағы дискті ала алмайды. **Егер көрсетілген қабылдағыш кіріс перфоратор қабылдағышы болса, қабылдағыштағы дисктерді толықтай алып, қайта жүктеңіз.** | |
| **Disc release error** | Тұтқа дискті босата алмайды.<br>**Дискті қолыңызбен алмаңыз. Бұл тұтқаны зақымдауы мүмкін. Өнімнің қуатын өшіріп, сосын қайта қосыңыз. Өнімді іске қосу операциясы кезінде, тұтқа дискіні босатады.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Discs ejected from ST2?** | **Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Stacker 2 ішінен жарияланған дисктерді алып тастаңыз.**<br>**2. Қажет болған жағдайда, дискілерді қайта толтырыңыз.**<br>**3. түймесін басыңыз.**<br>Ескертпе: Топтамалық режимде, жариялау прогресі кезінде Stacker 2 алынған болса, қайта жүктелген сайын кіріс перфоратор қабылдағышы ретінде анықталады. | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Drive tray open/close error** | **-Жетек науасы шықпайтын кезде-**<br>**Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз. Жетек науасы сонда да шықпаса, осы нұсқаулықтың 90-беттегі "Жетек науасы шықпайды" бөлімін қараңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама қайта пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.<br>**-Жетек науасы жабылмайтын жағдайда-**<br>**Қалған дискті алыңыз, қуатты өшіріп, сосын қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Fan control error** | **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Ink cartridge cover open** | **Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.** | |
| | Бұл өнім қазір жұмыс істеп тұр.<br>**Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.** |  |
| **Ink problem (C,LC,LM,M,Y,K)** | Дұрыс емес сия картриджі орнатылды.<br>**Көрсетілген түстің картриджін ауыстырыңыз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.*) | |
| **Internal drive error (DRV 1/2)** | **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Internal printer error** | **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Internal autoloader error** | **Төмендегі процедураны орындаңыз.**<br>**1. Қуатты өшіріңіз.**<br>**2. Диск қақпағын ашыңыз және ішінде шаң немесе басқа да заттардан таза екендігін тексеріңіз.**<br>**3. Қуатты қосыңыз.**<br>Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |
| **Invalid state error** | **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **No disc**<br>**ST1, ST2** | **Кіріс перфоратор қабылдағышына (1-қабылдағыш немесе 2-қабылдағыш) дискілерді жүктеңіз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Дискті жүктеу" бөлімін қараңыз.*) | |
| **No ink cartridge**<br>**(C,LC,LM,M,Y,K)** | Көрсетілген түстің сия картриджі орнатылмады немесе дұрыс орнатылмады.<br>**Көрсетілген түстің картриджін дұрыс орнатыңыз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.*) | |
| **No stacker**<br>**ST1, ST2, ST3** | **Көрсетілген қабылдағышты жүктеңіз және диск қақпағын жабыңыз.** (Осы нұсқаулықтағы 24-беттегі "Қабылдағыштарды орнату" бөлімін қараңыз.) | |
| **Non-standard ink**<br>**Continue?** | **Сия картриджін пайдалану үшін, (Иә) түймесін басыңыз. Epson компаниясының сия картриджіне ауыстыру үшін, CANCEL түймесін (Жоқ) басып, сия картриджін ауыстырыңыз.**<br>Epson компаниясының картрджтерін басқа картриджджерді пайдаланбаған дұрыс.<br>• Epson картриджінен басқа картридж пайдалансаңыз, түрлі ақаулықтар пайда болуы мүмкін, оларға кепілдік берілмейді.<br>• Epson өнімдерінен басқа өнімдердің сапасы мен сенімділігіне Epson компаниясы кепілдік бермейді. Epson өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалануға байланысты зақымды немесе бұзылғанды жөндеу жұмыстары, кепілдік мерзімі әлі жарамды болса да, тегін болмайды.<br>• Бұл өнім Epson компаниясының сия картриджін қолдану негізінде түс реттеуін іске асырады. Epson компаниясының сия өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалану басып шығару сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін және өнімнің максималды өнімділігіне кедергі жасайды.<br>Сия картриджін ауыстыру процедурасы үшін*PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз. | |
| **Print tray**<br>**open/close error** | **-Принтер науасы шықпайтын кезде-**<br>**Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз. Жетек науасы сонда да шықпаса, осы нұсқаулықтың 91-беттегі "Принтер науасы шықпайды" бөлімін қараңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама қайта пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.<br>**-Принтер науасы жабылмайтын жағдайда-**<br>**Қалған дискті алыңыз, қуатты өшіріп, сосын қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Printer maint. error** | Жөндеу жұмысын қажет етеді.<br>**Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.** | |
| **Replace ink (C,LC,LM,M,Y,K)** | Картридждегі сия шығып кетеді.<br>**Көрсетілген түстің картриджін ауыстырыңыз.** (PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы *"Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.* | |
| **Replace inkpad** | Сия тақтасын ауыстыратын уақыт келді.<br>**Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.** Сия тақтасын тұтынушы өз ауыстыра алмайды. | |
| **Stacker 3 installed** | **3-жинақтағыш алып, диск қақпағын жабыңыз.** 3-қабылдағыш стандартты режимде немесе сыртқы шығыс режимінде пайдаланылмайды (4-жинақтағыш шығыс перфоратор жинақтағышы ретінде орнатылғанда). | |
| **Stacker 3 not installed** | **3-жинақтағыш жүктеп, диск қақпағын жабыңыз.** 3-қабылдағыш топтамалық режимде немесе сыртқы шығыс режимінде пайдаланылады (3-жинақтағыш шығыс перфоратор жинақтағышы ретінде орнатылғанда). | |
| **Stacker 4 full** | 4-жинақтағыш толы болғандықтан іске қосу операциясын орындау мүмкін емес.<br>**4-жинақтауыштан дискілерді алып тастаңыз.** | |
| **Stacker 4 open** | **4-жинақтауышты жабыңыз.** | |
| **Stacker full ST2, ST3, ST4** | Шығыс перфоратор қабылдағышы толы болғандықтан дискіні шығару мүмкін емес.<br>**Шығыс перфоратор жинақтағышынан (2-жинақтағыш, 3-жинақтағыш немесе 4-жинақтағыш) дискілерді алыңыз.** | |
| **Too many discs ST1, ST2, ST3** | **Белгіленген жинақтағыштағы дискілердің салмағы жинақтағыштағы қызыл нүктелі жолдан төмен болатындай артық дискілерді алыңыз, содан кейін диск қақпағын жабыңыз.** | |
| **Transferred disc detection error** | Принтерге немесе жетекке қойылғаннан кейін дискіні анықтау мүмкін болмады. **Қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.** Егер сол қате туралы хабарлама әлі де пайда болса, жөндеу жұмысын орындау қажет. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. | |

| Қате туралы хабар | Түзету | Хабарландыру дыбысы |
|---|---|---|
| **Wait a moment and try again** | ↵ **түймесін немесе CANCEL түймесін басыңыз.** Қысқа уақы ішінде диск қақпағын қайта-қайта құлыптан босатпаңыз. Құлыптан босатпас бұрын кішкене күтіңіз. | |
| **Write error** | Тапсырманы өңдеу процесі кідіртілді. **Осы нұсқаулықтағы 81-беттегі "Дискінің жазу ақаулықтары" бөлімін қараңыз, қатенің себебін жойғаннан кейін, тапсырманы қайта бастаңыз.** (Тапсырманы қайта бастау процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 48-беттегі "Тапсырмаларды жалғастыру" бөлімінен қараңыз.) | |

# Ақаулықтар мен оларды түзету жолдары

## Қуат/Басқару панелінің ақаулықтары

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **Қуат қосылмайды.** | **Қуат түймесін басып ұстап тұрыңыз.** |
| | **Қуат тығынын розеткадан ажыратылған ба?**<br>Тығынның жартылай кіргенін немесе қисық кіргенін тексеріңіз. |
| | **Ұзартқыш немесе соған ұқсас құрылғы қолданасыз ба?**<br>Қуат ашасын тікелей қабырға розеткасына тығыңыз. |
| | **Қуат розеткадан беріле ме?**<br>Қуат берілетіндігін тексеру үшін қуат тығынын басқа электрлік өнімге тығып көріңіз. |
| **Қуат өшпейді.** | **Тапсырма өңделіп жатыр ма?**<br>Тапсырма өңделіп жатқанда қуатты өшіру мүмкін емес.<br>Барлық тапсырма өңделіп біткенде қуат автоматты түрде өшеді.<br>Қуат түймесін басып тұрсаңыз (кемінде 3 секунд), қуатты өшіру процесі дереу басталады. Тапсырмалар болдырылмады. |
| | **Қуатты қазір қостыңыз ба?**<br>Қосылған қуатты 15 минуттай қайта өшіру мүмкін емес.<br>"Power off Please wait" хабарламасы СКД экранында пайда болғаннан 15 минуттан кейін қуат өшеді.<br>Қуат түймесін басып тұрсаңыз (кемінде 3 секунд), қуатты өшіру процесі дереу басталады. |
| | **Қуаттың жарық диоды және ERROR жарық диоды жана ма?**<br>Қуаттың ЖАРЫҚ ДИОДЫ және ERROR ЖАРЫҚ ДИОДЫ жанса, қуат түймесін басып, ұстап тұрыңыз (кемінде 3 секунд). Қуат сонда да өшпесе, қуатты розеткадан өшіріңіз. Содан кейін, қуатты қайта қосыңыз және қуатты өшіру үшін қуат түймесін пайдаланыңыз. Қуатты қосулы күйде қалдыру, басып шығару бастиегінің құрғап кетуіне және кептеліп қалуына себеп болады. |
| **Қуат қосылған кезде, шуылдаған дауыс естіледі.** | **Өнімнің ішінде басқа да заттар (тасымалдауға арналған көк түсті қорғаныс таспасы) бар ма?**<br>Қуатты өшіру үшін қуат түймесін басыңыз, диск қақпағын ашып, бөтен заттардың жоқ екендігін тексеріңіз. |
| **"EPSON PP-100N" көрсетілген күйде қалады және қуат қосылып тұрғанның өзінде өнім жұмыс істемейді.** | **Жөндеу жұмысын қажет етеді.**<br>Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. |

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **ERROR жарық диоды жанады/қосылады.** | **Қате пайда болды.**<br>Осы нұсқаулықтағы 72-беттегі "Қате туралы хабарлар және түзету жұмыстары" бөлімін қараңыз.. |

## Дискінің жазу ақаулықтары

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **Жазу қатесі пайда болды.** | **Диск сырылып, кірлеген бе?**<br>Сырылған немесе кірлеген дискілерді қолдануға болмайды. Басқа дискіге ауыстырыңыз. |
| | **Дискіге байланысты дерек жазу бетінің сапасы әр түрлі болуы мүмкін.**<br>Басқа дискіге ауыстырып, қайта әрекеттеніп көріңіз. |
| | **Өнімнің артқы желдеткішінің сүзгісінде шаң бар ма?**<br>Сүзгіні тазалаңыз.<br>Сүзгіні тазалау процедурасы үшін *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Ауа желдеткіштерін тазалау" бөлімін қараңыз. |
| **Дискіге жазу мүмкін емес** | **Диск өңделіп жатыр ма?**<br>• Дискінің пайдаланушы нұсқаулығ ы бойынша өңдеңіз.<br>• Дискіге жабысқақ стикерлерді жабыстырмаңыз. Дискіге дерек жазылмай қалуы немесе дискідегі дерек оқылмай қалуы мүмкін.<br>• Өнімді шаң басқан, кір немесе түтінді жерде пайдланбаңыз. Жетектің жазу қателеріне себеп болуы мүмкін.<br>Дискті өңдеу процедрасы туралы толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Дискті өңдеу" бөлімінен таба аласыз. |
| | **Жариялау кезінде қақпағы ашылды ма немесе өнім сілкіленді ме?**<br>Диск жариялау кезінде өнімнің сілкіленуіне немесе басқа да әсерге ұшырауына жол бермеңіз. Жетек дұрыс істемеуі мүмкін немесе диск жарамсыз боп қалуы мүмкін.<br>Жариялау кезінде қақпақты ашпаңыз. Ол дискінің басып шығару және жазу сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Тапсырманы тоқтатыңыз және содан кейін қақпақты ашыңыз. Кідіртілетін тапсырмаларға арналған процедура үшін осы нұсқаулықтағы 47-беттегі "Кідіртілген тапсырмалар" бөлімін қараңыз. |
| | **Компьютеріңіз өнімнің жұмыс істеу ортасына сәйкес келе ме?**<br>Жұмыс істеу ортасына сәйкес келетін компьютерге өнімді жалғап, пайдаланыңыз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Орнатпас бұрын" бөлімінен таба аласыз. |
| | **Принтер науасы лас па?**<br>Принтер науасын тазалаңыз.<br>Принтер науасын тазалау процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 94-беттегі "Дискінің жазу бетіне сия төгілген"-беттен қараңыз. |

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | EPSON Total Disc Maker арқылы дискілерді жариялау кезінде [Write Verification] параметрін [Compare] күйіне орнатсаңыз, деректің дискіге дұрыс жазылғанын тексере аласыз. EPSON Total Disc Maker туралы толық мәліметті анықтамалық файлдан таба аласыз. |

## *Жапсырманы басып шығару ақалықтары*

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| • **Қажалу**<br>• **Жолақтар немесе сызықтар пайда болды**<br>• **Бұлыңғырлық**<br>• **Мәтін немесе жолақтар тербелген**<br>• **Түс реңктері дұрыс емес**<br>• **Кейбір түстер басып шығарылмады**<br>• **Басып шығарылғанда біркелкілік жоқ**<br>• **Мозаика тәрізді белгілер басып шығарылды**<br>• **Басып шығарылғандар тұрпайы көрінеді** | **Басып шығару бастиегінің қондырмалары бітеліп қалған ба?**<br>Басып шығару бастиегінің күйін растау үшін қондырманы тексеріңіз және бітеліп қалған болса, бастиекті тазалаңыз.<br>Толық әлімет алу үшін төмендегі ақпаратты қараңыз.<br>• *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Қондырманы тексеру"<br>• *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Бастиекті тазалау" |
| | **Epson компаниясы ұсынған сия картриджін пайдаланасыз ба?**<br>Бұл өнім Epson компаниясының сия картридждерін қолдану негізінде түс реттеуін іске асырады. Epson ұсынған өнімдерден басқа өнім пайдалану басып шығару сапасының төмендеуіне себеп болады. Epson компаниясының картрджтерін пайдаланған дұрыс. |
| | **Ескі сия картриджін ққолданасыз ба?**<br>Ескі сия картриджін пайдалану басып шығару сапасының төмендеуіне себеп болады. Сия картридждерін пайдалану мерзімі әр сия картриджінің қаптамасында жазылған. Картриджді ашқаннан кейін, алты ай ішінде пайдалануға тырысыңыз. |
| | **Екі бағытты басып шығару кезінде басып шығару бастиегінің аралықтарында айырмашылық бар ма?**<br>Екі бағытты басып шығару орнатылғанда, басып шығару жылдамдығы өте жылдам болады және басып шығару бастиегі оңға немесе солға жылжығанда да сия төгіледі. Алайда, басып шығару позициясы сол жақтан оң жаққа қозғалғандағы басып шығару позициясынан оң жақтан сол жаққа қозғалғанда көтеріледі, осылайша, тік жолдар мен басып шығарудың бұлыңғыр болуына себеп болады. Аралықтағы айырмашылықты тексеру және реттеу үшін басып шығару бастиегін туралау функциясын пайдаланыңыз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығару бастиегін туралау" бөлімінен таба аласыз. |
| | **Қалыңдығы басқа дискілерді пайдаланасыз ба?**<br>Диск қалыңдығы өнімге байланысты әр түрлі болады. Қалыңдығы әр түрлі дискілер пайдаланғанда, басып шығару бастиегінің саңылаулары көтеріледі. Аралықтағы айырмашылықты тексеру және реттеу үшін басып шығару бастиегін туралау функциясын пайдаланыңыз. Бірнеше диск жарияланғанда, тек бір диск өнімін пайдаланған дұрыс.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығару бастиегін туралау" бөлімінен таба аласыз. |
| | **Сұйық сиялы принтер дискілерінде басып шығарасыз ба?**<br>Сұйық сиялы принтерлерге арналған дискілерге қолдау көрсетеді. Өнім термографикалық принтер дискілеріне қолдау көрсетмейді. Басып шығару дискілеріне қара басып шығару сапасы да әр түрлі болуы мүмкін. Epson мақұлдаған CD және DVD дискілерді пайдаланған дұрыс.<br>Epson барлық басып шығару қажеттіліктеріңіз үшін арнайы CD-R, DVD-R дисктерін ұсынады.. |

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| • **Қажалу**<br>• **Жолақтар немесе сызықтар пайда болды**<br>• **Бұлыңғырлық**<br>• **Мәтін немесе жолақтар тербелген**<br>• **Түс реңктері дұрыс емес**<br>• **Кейбір түстер басып шығарылмады**<br>• **Басып шығарылғанда біркелкілік жоқ**<br>• **Мозаика тәрізді белгілер басып шығарылды**<br>• **Басып шығарылғандар тұрпайы көрінеді** | **Дискте кір бар ма?**<br>жұмсақ шүберек немесе сатып алуға болатын CD тазартқышы көмегімен жапсырма бетіндегі шаң мен кірті сүртіп алыңыз. Бензин, еріткіш немесе антистатикалық қоспаларды пайдаланбаңыз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Дискті өңдеу" бөлімінен таба аласыз. |
| | **Басып шығару беті толықтай кебу ме?**<br>Жарияланған дисктегі сия кеппейінше басқа дискілердің басып шығару бетіне тимеуін қадағалаңыз. Әйтпесе, тиген жерінде белгі қалып қалуы мүмкін. |
| | **Сияның кебу уақыты тым қысқа уақытқа орнатылған ба?**<br>Сияның кебу уақыты - принтер науасындағы диск сиясы қатып қалмай тұрып жапсырманы басып шығару аяқталғаннан кейінгі уақыт. Сияның кебу уақытын ұзағырақ орнатыңыз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Принтер жетегінің параметрлері" бөлімінен қараңыз. |
| | **Компьютердегі көрініс пен басып шығарылғанды салыстырасыз ба?**<br>Дисплейде көрсетілген түстер мен принтер арқылы басып шығарылған нәтиженің түстері әр түрлі және бұл түс реңктеріндегі айырмашылықтарды шығарады. |
| **Дисктің басып шығару аймағында дұрыс басып шығару мүмкін емес.** | Бсып шығарылуы қажет аймаққа сәйкес келетіндей басып шығару аймағының ішкі және сыртқы диаметрін орнатыңыз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығарылатын аймақ" бөлімінен таба аласыз. Ішкі және сыртқы диаметрді орнату процедурасы туралы*PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығарылатын аймақтыөзгерту" бөлімінен таба аласыз. |
| **Басып шығару позициясы ығыстырылды.** | Басып шығару позициясы ығысып кеткен болса, оны түзетіңіз.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығару позициясынн түзету" бөлімінен таба аласыз. |
| **Дискінің жазу бетіне сия төгілген.** | **Сияның кебу уақыты тым қысқа уақытқа орнатылған ба?**<br>Сияның кебу уақыты - принтер науасындағы диск сиясы қатып қалмай тұрып жапсырманы басып шығару аяқталғаннан кейінгі уақыт. Сияның кебу уақытын ұзағырақ орнатыңыз. Толық мәліметті PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы "*Принтер жетегінің параметрлері* бөлімінен қараңыз. |
| | **Принтер науасы лас па?**<br>Дискінің жазу беті сиямен былғанған болса, принтер науасы лас болуы мүмкін. Принтер науасын тазалаңыз.<br>Принтер науасын тазалау процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 94-беттегі "Дискінің жазу бетіне сия төгілген"-беттен қараңыз. |

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| • **Басып шығарғаннан кейін , жапсырманың беткі сиясы жабысқақ немесе сыдырылып қалады.**<br>• **Дискілер жабысып қалады.** | **Басып шығару процесі рұқсат етілген аймақтан тыс жерде орындалды ма?**<br>Басып шығару процесі рұқсат етілген аймақтан тыс жерде орындалса, басып шығарғаннан кейін, жапсырманың беткі сиясы жабысқақ немесе сыдырылып қалады немесе дискілер бір-біріне жабысуы мүмкін.<br>Толық мәліметті *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Басып шығарылатын аймақ" бөлімінен таба аласыз. |

## Құпия сөз ақаулықтары

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **Пайдаланушы аты мен құпия сөзін пайдалану мүмкін емес.** | **Пайдаланушы аты немесе құпия сөз қате енгізілді ме?**<br>Пайдаланушы аты мен құпия сөзді дұрыс енгізіңіз. Бұл енгізілімдер әріптің түріне тәуелді болады. |
| **Құпия сөзіңізді ұмытып қалдыңыз.** | Басқа әкімшіден құпия сөзді өзгертуін өтініңіз. |

## Басқа ақаулықтар

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **Бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін емес** | **Қатты диск жетегіндегі орын жеткілікті ме?**<br>Қатты диск жетегінде кемінде 10 Гб бос орын болмайынша бағдарлмалық жасақтаманы орнату мүмкін емес. Қолжетімді қатты диск жетегінің бос орнын тексеріңіз, егер жеткіліксіз болса, қолжетімді бос орынды ұлғайтыңыз.<br>Бағдарламалық жасақтаманың қалыпты түрде жұмыс істеуі үшін қатты диск жетегіндегі орын жеткілікті болуы қажет.<br>Бағдарламалық жасақтаманың жұмыс істеу талаптары туралы PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы "Орнатпас бұрын" бөлімінен қараңыз. |
| | **Windows бағдарламалық жасақтамасына "компьютер әкімшісі" аккаунты (әкімші өкілеттігі бар пайдаланушы) арқылы кірдіңіз бе?**<br>Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде (әкімші тобына жататын) әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы ретінде кіріңіз. Пайдаланушы өкілеттігімен кірсеңіз бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін емес. Әкімші құпиясөзі немесе растау талап етілуі мүмкін. Құпия сөз сұралған кезде жұмысты жалғастыру үшін құпия сөзді енгізіңіз. |

| Белгілері/ақаулық күйі | Тексеру/түзету процедуралары |
|---|---|
| **EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру экраны көрсетілмейді.** | **Өнімнің қуаты өшірілді ме?**<br>Өнімнің қуатын қосыңыз. |
| | **Өнім желіге дұрыс жалғанған ба?**<br>Осы өнімнің және клиент компьютерінің желіге дұрыс жалғанғандығын тексеріңіз. |
| | **Мекенжай дұрыс енгізілді ме?**<br>Internet Explorer мекенжай жолағына өнімнің IP мекенжайы, хост аты немесе FQDN дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. |
| **Жетек қолданылмайды.** | **Жетек қолданысы тоқтады ма?**<br>Алдын ала орнатылған қайта жазу әрекеттерінің санына байланысты жазу қатесі пайда болса, жетекті пайдалану автоматты түрде тоқтатылады және [Drive operation paused DRV1/2] хабарламасы СКД-да көрсетіледі.<br>Жетек қолданысын қайта бастау процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 34-беттегі "Шығару құрылғысының параметрлері" бөлімінен қараңыз. |
| **Бастиекті тазартылмайды.** | **Өнім жұмысында қате пайда болды ма?**<br>Қате пайда болса, оны түзетіңіз. |
| | **Сия жеткілікті ме?**<br>Сия жеткілікті болмайынша бастиекті тазалау жұмысын орындау мүмкін емес. Жаңа сия картриджіне ауыстырыңыз.<br>Сия картриджін ауыстыру процедурасы үшін*PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз. |
| **Үздіксіз басып шығару кезінде басып шығару жылдамдығы төмендеді.** | Ұзақ уақыт бойы басып шығарылғанда, диск тасымалы мен басып шығару уақытша тоқтауы мүмкін. Бұл өнімнің қызып, зақымдалуының алдын алу үшін басып шығару жылдамдығын төмендету үшін жасалады.<br>Бұндай жағдайда басып шығару жұмысы жалғасады, дегенмен, өнім жұмысын тоқтатып, қосулы күйінде 30 минуттай қойып қойғаныңыз жөн. (Бұл өнім қуаты өшірулі күйде 3 сағаттан кейін қалпына келеді.) |
| **Дискілерді жариялау мүмкін емес.** | Осы нұсқаулықтағы 88-беттегі "Дискілерді жариялау мүмкін емес кезде" бөлімін қараңыз.. |

# EPSON Total Disc Monitor көмегімен тексеру

EPSON Total Disc Monitor - осы өнімнің (PP-100N) күйін тексеретін және қате процедураларды түзететін құрылғы.

EPSON Total Disc Monitor іске қосу процедурасы туралы *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімін қараңыз.

EPSON Total Disc Monitor, сонымен қатар, EPSON Total Disc Maker ішіндегі [Publish] түймесін басу арқылы іске қосуға болады.




| | |
|---|---|
| Пайдалану нұсқаулығы | Ол өнімнің (PP-100N) күйін, қате туралы сипаттамаларды және хабарламаларды көрсетеді.<br>Көрсетілген түзеті процедурасын басшылыққа ала отырып, өнімді (PP-100N) тексеріңіз. |
| Сия күйі | Ол қалған сия деңгейін көрсетеді.<br>көрсетілген жағдайда, сия деңгейі төмен деген сөз. Ауысымдық сия картриджін алыңыз.<br>көрсетілген кезде, сия ауыстырылуы қажет. Жаңа сия картриджіне ауыстырыңыз.<br>Сия картриджін ауыстыру процедурасы үшін *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Сия картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз.<br>Басып шығаруға болатын жапсырмалардың саны - тағы сондай қанша жапсырма басып шығаруға болатынының көрсеткіші. Бұл мән басып шығару дерегі және басып шығару ортасы секілді факторларға байланысты шынайы мәннен өзгешеленуі мүмкін. 1000 немесе одан да жоғары мән "1000 or more" деп көрсетіледі, ал мөлшер 1000 дискіден аз болса, 10 диск бірліктерінде көрсетіледі. |

| | |
|---|---|
| CD/DVD жетегінің күйі | Ол CD/DVD жетек күйін көрсетеді.<br>Жетек белгішесінде көрсетілгенде, көрсетілген хабарламаны басшылыққа ала отырып, өнім жетегін тексеріңіз. |
| Принтер күйі | Принтер күйін көрсетеді.<br>Принтер белгішесінде көрсетілгенде, көрсетілген хабарламаны басшылыққа ала отырып, өнім принтерін тексеріңіз. |
| Жинақтауыш күйі | Ол жинақтауыш күйін көрсетеді.<br>көрсетілгенде, кіріс перфоратор жинақтағышындағы дискілер саны аз немесе шығыс перфоратор қабылдағышы дискіге толайын деп қалды дегенді білдіреді.<br>Кіріс перфоратор жинақтағышындағы дискілер саны аз болатын болса, жаңа дискілер алыңыз.<br>Шығыс порфоратор қабылдағышы дискіге толайын деп қалса, келесі тапсырманы жарияламас бұрын дискілерді шығарып тастаған дұрыс болады.<br>көрсетілгенде, көрсетілген хабарламаны басшылыққа ала отырып, жинақтағышты және дискілерді тексеріңіз. |

# Дискілерді жариялау мүмкін емес кезде

EPSON Total Disc Maker жүйесінің жариялау көрінісіндегі [Publish] түймесін басқанда дискілер жарияланбайтын болса немесе өнім жұмыс істемейтін болма, төмендегі пункттерді тексеріңіз.

## 1-тексеріс: EPSON Total Disc Monitor тексерісі

### *EPSON Total Disc Monitor жүйесінде қате туралы хабарлма көрсетіле ме?*

EPSON Total Disc Monitor ішіндегі жалғанған өнімнің күйін тексеріңіз және қате пайда болған жағдайда, оны түзету шараларын қолға алыңыз.

EPSON Total Disc Monitor туралы толық мәліметті төмендегі анықтамалардан таба аласыз.

- *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығының* "EPSON Total Disc Monitor" бөлімі
- EPSON Total Disc Monitor үшін анықтамалық файл

Жоғарыдағыларды орындау кезінде мәселе шешімін таппаса, төмендегі элементтерді тексеріңіз.

## 2-тексеріс: Өнімді тексеру

### *Қуаттың ЖАРЫҚ ДИОДЫ қосылған ба?*

Қуаттың ЖАРЫҚ ДИОДЫ қосылмай тұрса, өнімнің қуаты өшіріліп тұр.

Осы нұсқаулықтың 79-беттегі "Қуат/Басқару панелінің ақаулықтары" бөлімін басшылыққа ала отырып, қуатты қосыңыз.

### *ERROR жарық диоды жана ма/қосылған ба?*

ERROR жарық диоды жанып/қосылып тұрса, өнім жұмысында қате пайда болды дегенді білдіреді.

Қатені тексеру және оларды түзету процедурасы туралы толық мәліметті осы нұсқаулықтағы 86-беттегі "EPSON Total Disc Monitor көмегімен тексеру" бөлімінен қараңыз.

Жоғарыдағыларды орындау кезінде мәселе шешімін таппаса, төмендегі элементтерді тексеріңіз.

## 3-тексеріс: Өнім мен компьютер арасындағы қосылымды тексеру

### *Ethernet кабелі ажыратылған ба?*

Ethernet кабелінің қосылып тұрғандығын тексеріңіз. Сонымен қатар, Ethernet кабелінің сымдары үзілмегенін немесе бүгіліп қалмағанын тексеріңіз.

### *Ethernet кабелі компьютер мен өнім сипаттамаларына сәйкес келе ме?*

Қолданылатын Ethernet кабелі төмендегі сипаттамалардың бірімен сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

- 100Base-TX
- 1000Base-T

### *Байланыс жылдамдығы мен Jumbo Frame дұрыс орнатылған ба?*

Байланыс жылдамдығы мен Jumbo Frame орнатылған болса, өнім параметрлерінің клиент компьютерінің параметрлеріне сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

Жоғарыдағыларды орындау кезінде мәселе шешімін таппаса, төмендегі элементтерді тексеріңіз.

## 4-тексеріс: Принтер драйвері параметрлерін тексеру

### *Принтер драйвері орнатылды ма?*

Келесі процедура Windows 10 жүйесіне арналған. Принтердің драйверін көрсететін процедура операциялық жүйеңізге байланысты өзгешеленуі мүмкін. Жүйеңізге арналған сипаттамаларды тексеріңіз.

1 [Start], [Settings], [Devices] тармағын, кейін [Printers & Scanners] тармағын түртіңіз.

2 Осы өнімнің белгішесі (EPSON PP-100NPRN) [Printers & Scanners] ішінде бар екендігін тексеріңіз.

Егер белгіше табылмаса, принтер драйвері орнатылмады. Принтер драйверін орнату үшін*PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы*"Орнату" бөлімін қараңыз.

### *Print Manager күйі "Кідіріс" күйінде ме?*

Өнімнің белгішесінде (EPSON PP-100NPRN)[ Кідіртілді] деп жазылып тұрса, белгішенің үстіне тінтуірдің оң жағын басып, [Басып шығаруды жалғастыру] функциясын басыңыз.

Жоғарыдағыларды орындау кезінде мәселе шешімін таппаса, демек, бағдарлама дұрыс орнатылмаған. Бағдарламалық жасақтаманы жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы жою процедурасы үшін *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Бағдарламалық жасақтаманы жою" бөлімін қараңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы орнату процедурасы үшін *PP-100N пайдаланушы нұсқаулығындағы* "Орнату" бөлімін қараңыз.

Егер ол да мәселені шешпесе, тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Сұрау жасау кезінде, жұмыс істейтін ортаңыз (оның ішінде компьютер үлгісі, бағдарламалық жасақтамалардың аты мен нұсқалары және басқа да сыртқы үлгілер), осы өнімнің аты және оның сериялық нөмірі туралы ақпаратпен қамтамасыз етіңіз.

# Диск шықпайды

Төмендегі процедураны орындаңыз, егер диск шықпаса, демек жетек науасы немесе принтер науасы шықпайды.

## Жетек науасы шықпайды

Өнімнің қуатын өшіріп, қайта қосыңыз. Жетек науасы сонда да шықпаса, төмендегі процедураны орындаңыз.

1. Қуатты өшіру үшін қуат түймесін басыңыз.

2. Қуат жарық диоды өшкен соң, қуат тығынын розеткадан ажыратыңыз.

3. Айналып жатқан дисктің тоқтауы үшін бір минуттай күтіңіз, содан кейін диск қақпағын ашыңыз.

4. Науаны ашу үшін жетектің шығару саңылауының ішіне қатты істік енгізіңіз.



> Eject саңылауына істікті тығу кезінде, өнімнің қуаты өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. Дискті тартып алып, жабу үшін жетек науасын ақырын итеріңіз.

> Өнім қуатын қосатын кезде, жетек науасы ашық тұрса, өнім зақымдалуы мүмкін.
> Жетек науасын әрдайым жауып жүріңіз.

6. Диск қақпағын жабыңыз.

7. Қуат ашасын розеткаға тығып, қуатты қосыңыз.

## Принтер науасы шықпайды

Өнімнің қуатын өшіріп, қайта қосыңыз. Принтер науасы сонда да шықпаса, төмендегі процедураны орындаңыз.

1. Қуатты өшіру үшін қуат түймесін басыңыз.

2. Қуат жарық диоды өшкен соң, қуат тығынын розеткадан ажыратыңыз.

3. Диск қақпағын ашыңыз.



4. Жоғарғы тақтаны ұстап тұратын өнімнің артқы жағындағы екі бұранданы шығарыңыз.



**5** Жоғарғы тақтаны алу үшін сәл артқа қарай жылжытыңыз.




**6** Өнімнің артқы жағындағы төрт бұранданы алып тастаңыз, содан кейін ауа жетдеткішінің қақпағын алыңыз.



**7** Бұранданы шығарыңыз, содан кейін артқы принтер қақпағын алыңыз.

Дискті алу мүмкіндігі болса, дискіні шығарып, артқы принтер қақпағын тіркеңіз. Дискті алу мүмкіндігі болмаса, төмендегі процедураны жалғастырыңыз.



**8** Төмендегі суретте көрсетілгендей бекітпені сықтап ұстап, принтер науасын өзіңізге қарай тартыңыз.



**9** Принтер науасын тартып алыңыз.



**10** Дискіні алып, диск қақпағын жабыңыз.

Қуат қосылған кезде, принтер науасы автоматты түрде жабылады.

**11** Артқы принтер қақпағын, ауа желдеткіш қақпағын және жоғарғы тақтаны қайта бекітіңіз.

**12** Қуат ашасын розеткаға тығып, қуатты қосыңыз.

# Дискінің жазу бетіне сия төгілген

Дискінің жазу беті сиямен былғанған болса, принтер науасы лас болуы мүмкін. Төменде көрсетілген процедура бойынша принтер науасын тазалаңыз.

1 Қуатты өшіру үшін қуат түймесін басыңыз.

2 Қуаттың ЖАРЫҚ ДИОДЫ өшкен соң, қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз.

3 Диск қақпағын ашыңыз.



4 Жоғарғы тақтаны ұстап тұратын өнімнің артқы жағындағы екі бұранданы шығарыңыз.



**5** Жоғарғы тақтаны алу үшін сәл артқа қарай жылжытыңыз.



**6** Өнімнің артқы жағындағы төрт бұранданы алып тастаңыз, содан кейін ауа жетдеткішінің қақпағын алыңыз.



**7** Бұранданы шығарыңыз, содан кейін артқы принтер қақпағын алыңыз.



**8** Төмендегі суретте көрсетілгендей бекітпені сықтап ұстап, принтер науасын өзіңізге қарай тартыңыз.



**9** Принтер науасын тартып алыңыз.



**10** Принтер науасындағы кірді сүртіп алу үшін жұмсақ шүберек пайдаланыңыз.

**11** Диск қақпағын жабыңыз.
Қуат қосылған кезде, принтер науасы автоматты түрде жабылады.

**12** Артқы принтер қақпағын, ауа желдеткіш қақпағын және жоғарғы тақтаны қайта бекітіңіз.

**13** Қуат ашасын розеткаға тығып, қуатты қосыңыз.

# Қосымша

## Анықтамалық ақпарат

### Epson орталығына хабарласпас бұрын

Epson өнімі тиісті жұмыс істемесе және өнім құжаттамасындағы ақауды жою туралы ақпарат арқылы мәселені шеше алмасаңыз, көмек сұрау үшін тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер сіздің аймағыңызға арналған тұтынушыға қолдау көрсету орталығы төменде берілмесе, өнімді сатып алған жердегі дилерге хабарласыңыз.

Тұтынушыға қолдау көрсету орталығына келесі ақпаратты берсеңіз, олар сізге жылдамырақ көмек көрсете алады:

- Өнімнің сериялық нөмірі
  (Сериялық нөмір белгісі әдетте өнімнің артқы жағында болады.)
- Өнім үлгісі
- Өнім бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы
  (Туралы, Нұсқа ақпараты тармағын немесе өнім бағдарламасындағы ұқсас түймені басыңыз.)
- Компьютеріңіздің бренді мен үлгісі
- Компьютеріңіздің операциялық жүйесінің атауы мен нұсқасы
- Әдетте өніміңізбен бірге пайдаланатын бағдарламалардың атаулары мен нұсқалары

### ТМД елдеріндегі ресми өкіл

**“EPSON CIS” ЖШҚ**

| | |
|---|---|
| Мекенжайы: | Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер, “Чайка Плаза” бизнес орталығы |
| Телефоны: | +7 (495) 777-0355/56 |
| веб: | www.epson.ru/ |
| электрондық пошта: | info_CIS@epson.ru |

**EPSON EUROPE B.V. МӘСКЕУДЕГІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢСЕСІ**

| | |
|---|---|
| Мекенжайы: | Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер, “Чайка Плаза” бизнес орталығы |
| Телефоны: | +7 (495) 777-0355/56 |
| веб: | www.epson.ru/ |

# Өнім сипаттамалары

## Негізгі сипаттамалар

### Сыртқы өлшемдері мен салмағы

| Элемент | Сипаттама |
|---|---|
| Сыртқы өлшемдері | 377 мм (Е) x 514 мм (Б) x 348 мм (Ұ) |
| Салмағы | Шамамен 26 кг (оның ішінде, қабылдағыштар мен сия картриджі бар, бірақ қуат сымы мен дискілер кірмейді) |

| | |
|---|---|
| ***Ескертпелер*** | Бөл өнім мырышпен қапталған жалпақ металл пайдаланғандықтан, шеттерін тот басуы мүмкін, бірақ өнім жұмысына ешқандай әсер етпейді. |

<Сыртқы көрініс>




### Жалпы сипаттамалары

<table>
<tr><th colspan="3">Элемент</th><th>Сипаттама</th></tr>
<tr><td rowspan="4">Тапсырманы орындау жылдамдығы</td><td rowspan="2">Жазу және басып шығару</td><td>CD</td><td>Бір сағатта 30 диск<br>Шарттары: EPSON тарапынан көрсетілген CD-R, 40x жетек жылдамдығын, 600 Мбиттік дерек жазу және speed/bidirectional басып шығаруды пайдаланған кезде</td></tr>
<tr><td>DVD</td><td>Бір сағатта 17 диск<br>Шарттары: EPSON тарапынан көрсетілген DVD-R дискілерін, 12x жетек жылдамдығын, 3,8 Гб дерек жазу және speed/bidirectional басып шығаруды пайдаланған кезде</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Тек басып шығару</td><td>Quality/ Speed: [2]</td><td>Бір сағатта 59 диск<br>Шарты: Екі бағытты басып шығару кезінде</td></tr>
<tr><td>Quality/ Speed: [1]</td><td>Бір сағатта 42 диск<br>Шарты: Екі бағытты басып шығару кезінде</td></tr>
</table>

***Ескертпелер***

- Жоғарыда айтылған өңдеу мүмкіндіктерінің ішіне желі арқылы тапсырманы жіберуге кететін уақыт кірмейді.
- Пайдаланылған жұмыс істеу ортасы мен дискілерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан төмен болуы мүмкін.

## Басып шығару сипаттамалары

| Элемент | | Сипаттама | |
|---|---|---|---|
| Басып шығару әдісі | | Талап бойынша сияны тозаңдандыру | |
| Бастиек | Шүмектер саны | Қара | : 180 қондырма |
| | | Көгілдір | : 180 қондырма |
| | | Таңқурай | : 180 қондырма |
| | | Сары | : 180 қондырма |
| | | Ашық көгілдір | : 180 қондырма |
| | | Ашық таңқурай | : 180 қондырма |
| Басып шығару шешімі | | Басып шығару режимінің параметрі (Quality/Speed) | [1]: 1440 x 1440 нүкте/дюйм<br>[2]: 1440 x 720 нүкте/дюйм |
| Басып шығару бағыты | | Екі бағытты, бір бағытты | |

нүкте/дюйм: әр 25,4 мм сайынғы нүктелер саны (әрбір дюймдегі нүктелер саны)

## Сия картриджі

| Элемент | | Сипаттама | |
|---|---|---|---|
| Пішім | | Әр түс үшін бөлек сия картриджі | |
| Түсі | | Қара, көгілдір, таңқурай, сары, ашық көк, ашық таңқурай | |
| Ұсынылған жарамдылық мерзімі | | Сия картриджінде берілген жарамдылық мерзімі ішінде қолданыңыз. Буманы ашқаннан кейін 6 ай пайдаланыңыз. | |
| Температура | Қапталған күйде жеке сақталғанда | -20°C~40°C | 40°C-та 1 ай |
| | Өнімге орнатылғанда | -20°C~50°C | 50°C-та 1 ай |
| | Қапталған күйде жеке тасымалданғанда | -20°C~60°C | 60°C-та 5 күн |
| Өлшемдер | | 42,0 мм (Е) x 83,0 мм (Б) x 26,4 мм (Ұ) | |
| Сия | | Бояу негізді сия | |

## Жетек сипаттамалары

| Элемент | Сипаттама | |
|---|---|---|
| Орнатылған жетектер саны | 2 жетек | |
| Жүктеу түрі | Науа | |
| Жазу жылдамдығы | CD-R | 40x/32x/24x/16x/10x/4x |
| | DVD-R | 12x/8x/6x/4x/2,4x/2x |
| | DVD+R | 12x/8x/6x/4x/2,4x/2x |
| | DVD-R DL | 8x/6x/4x/2,4x/2x |
| | DVD+R DL | 8x/6x/4x/2,4x/2x |

- Жетек немесе ойнатқыштың мүмкіндіктеріне байланысты бұл өнім жетегі көмегімен жасалған CD/DVD дискілер табылмауы, ойнатылмауы және оқылмауы мүмкін.
- Диск оқылып немесе жазылып жатқанда, өнімді дірілдетпеңіз немесе басқаша ықпал етпеңіз. Жетек дұрыс істемеуі мүмкін немесе диск жарамсыз болып қалуы мүмкін.
- CD/DVD жетегіне жалпақ бұрауыш, қысқыш немесе басқа да заттарды тықпаңыз. Ол өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

*Ескертпелер*

- Пайдаланылған жұмыс істеу ортасы мен дискілерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан төмен болуы мүмкін. (Бұл жазу сапасын басқару үшін жасалады.)
- DVD-R/DVD-R DL үшін 2,4x таңдасаңыз, жазу жылдамдығы 2x ретінде орнатылады.
- DVD+R/DVD+R DL үшін 2x таңдасаңыз, жазу жылдамдығы 2,4x ретінде орнатылады.

## Электрлік сипаттамалар

| Элемент | | Сипаттама |
|---|---|---|
| Номиналды кернеу | | Айнымалы ток 100-240 В |
| Номиналды жиілік | | 50-60 Гц |
| Номиналды ток | | 1,5 А |
| Тұтынылатын қуат | Жұмыс кезіндегі орташа мән | Шамамен 71 Вт |
| | Күту кезіндегі орташа мән | Шамамен 35 Вт |
| Қуат сымы | | Қуат сымы (өніммен бірге беріледі) |

# *Жарамдылық мерзімі*

Epson компаниясы бұл өнім құрамдастарының қызметтік мерзімін төмендегідей бағалайды:

## *Болжалды қызметтік мерзім:*

Сия көпшігінің жарамдылық мерзімі: Шамамен 30,000 диск басылып шығарылады

Сия көпшігін шамамен 30,000 дисктен кейін ауыстыру қажет деп саналады. Ай сайын 2 000 диск басып шығарғанға негізделген, екі бағытты Нақты нәтижелер басылып шығарылған кескіндер, басып шығару параметрлері, ақпарат алмасу ортасы, қолданыс жиілігі және температура секілді факторларға байланысты түрленеді.

# *Орта шарттары*

| Элемент | | Сипаттама | |
|---|---|---|---|
| Температура/ ылғалдық | Операция кезінде | 10°C~35°C | 40°C-та 1 ай<br>60°C-та 120 күнде |
| | Сақтау кезінде | -20°C~40°C | |
| | Тасымалдау кезінде | -20°C~60°C | |
| | Операция кезінде | 20%~80% СЫрмалы ылғалдық) | Конденсациясыз |
| | Сақтау кезінде | 5%~85% СЫ (салыстырмалы ылғалдық) | Конденсациясыз |
| | Тасымалдау кезінде | 5%~85% СЫ (салыстырмалы ылғалдық) | Конденсациясыз |
| | Кепілді жұмыс ауқымы | Келесі шарттарға негізделген<br> | |
| Теңіз деңгейінен биіктігі | | 2000 м не одан кем | |

# *Интерфейстер*

| Элемент | Сипаттама | |
|---|---|---|
| Ethernet | 1 | • 100Base-TX<br>• 1000Base-T |

# Сия және диск

## Сия картриджі

Осы өніммен келесі сия картриджін пайдалана аласыз:

| Сия картриджі | Өнім атауы |
|---|---|
| Көгілдір | PJIC1(C) |
| Ашық көгілдір | PJIC2(LC) |
| Ашық таңқурай | PJIC3(LM) |
| Таңқурай | PJIC4(M) |
| Сары | PJIC5(Y) |
| Қара | PJIC6(K) |

PP-100 сериялы эксклюзивті сия картриджін сатып алу үшін сізге PP-100N сатқан дилермен хабарласыңыз немесе келесі URL-мекенжайларын қараңыз:

www.epson-europe.com (Еуропа)

www.epson.com/support/ (АҚШ және Канада)

## Дискілер

Epson барлық басып шығару қажеттіліктеріңіз үшін арнайы CD-R, DVD-R дискілерін ұсынады.